

Орнықты дамудың орасан мүмкіндігі
3-бет



Ақтоғайдың пассионар тұлғалары
6-бет



Өмірді бейнелеген өнер
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБІ, 9 ҚАРАША, 2024 ЖЫЛ №126 (23 448)

www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

Лудоманияның жалғыз емі – жігер

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында «Біз жақсылыққа жетеміз десек, жағымсыз әдеттерден арылуымыз керек. Жақсыдан үйреніп, жаманнан жирене білуіміз қажет. Яғни, шын мәнінде озық ұлт болу үшін жақсылыққа ұмтылумен қатар, еліміздің өсіп-өркендеуіне кедергі болатын жаман әдет, жағымсыз қылық және қауіпті кеселден құтылуымыз керек» деген болатын. Президент айтқан бес кеселдің бірі – лудомания, яғни, құмарпаздық. Бүгінде Қарағанды облысында дәл осы лудомания бойынша облыстық психикалық денсаулық орталығында бес адам динамикалық бақылауда. Бұл – ресми мәлімет. Ал, дертке шалдыққанын мойындамай, өзінің ғана емес, жақындарының да өмірін тозаққа айнылдырғандар санының қанша екені беймәлім. Бір жұбаныш – өмірде кәмілет жасқа толмаған балалардың лудоманияға шалдығуы туралы ресми дерек жоқ.

Салтанат ЛІНІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Коллаж жасаған Ш.Аманжол



Президент тапсырмасын орындай отырып...

Құрылтай барысында Президент еліміздегі 400 мыңға жуық азамат букмерлік кенселер мен казинолардың тұрақты клиенті екенін айтқан болатын. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, жер жаһандағы адамның 3 пайызы – лудоман. Ал, елімізде 40 мыңға тақау адам аталған психологиялық дертке шалдыққанын көрсетеді статистикалық деректер.

Жалпы, лудомания – психикалық аурулардың халықаралық классификаторына енгізілген жалғыз тәуелділік. Жасына, әлеуметтік мәртебесіне, экономикалық жағдайына қарамастан кез келген адам бұл ауруға шалдығуы мүмкін.

Лудомания сипаттамаларының ішінде сарапшылар өмірдің басқа салаларына қызығушылықтың толық жоғалуын, агрессивтілікті, ашуланшақтықты, ұйқының бұзылуын атайды. Уақыт өте келе адамның ойнауға деген құштарлыққа қарсы тұру мүмкіндігін жоғалтады.

Қарағанды облыстық психикалық денсаулық орталығы директоры орынбасарының міндетін атқарушы Азамат Ибраев өзінің дертке шалдыққанын мойындап келетін науқастардың бір-екі рет ем алғаннан кейін мүлдем келмей кететіндерін айтады. Ал, дәрігерден жүйелі түрде ем алып, айығуды мақсат етпегеннен кейін одан арылу мүмкін емес.

– Лудоманияны емдеудің негізгі жолы – психотерапия. Осы дертке шалдыққандарды емдеудің Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы бекіткен үш әдісі бар.

► 2-бет

• ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Бәсі биік білім ордалары

Қарағандылық үш университет 2025 жылғы QS Азия университеттері рейтингіне енген 35 қазақстандық жоғары оқу орны қатарынан көрінді.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл QS Азия рейтингіне 985 университет қатысты. Бұл – Үндістан, Қытай, Вьетнам, Тайланд, Тайвань, Малайзия, Пәкістан, Жапония, Оңтүстік Корея елдерінің оқу орындары. Е. Бокетов атындағы Қарағанды университеті өткен жылмен салыстырғанда 39 бағытқа көтеріліп, 167-ші орынға ие болды.

Азиялық рейтингке енген 35 қазақстандық университеттің ішінде ҚарУ үздік ондыққа енді. Айта кету керек, университет студенттердің шығыс мобильдігі көрсеткіші бойынша Азиядағы 50 үздік университеттің қатарынан көрінді. Сонымен қатар, оқытушылар мен студенттер санының арақатынасы, жұмыс берушілер арасындағы беделі, академиялық беделі және студенттердің халықаралық академиялық мобильдігі көрсеткіштерін жақсартты.

Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті 264-орынды иеленіп, Орталық Азиядағы жоғары оқу орындары арасында 14-орынға көтеріліп, қазақстандық жоғары оқу орындарының рейтингінде 10 орында. Ал, Қарағанды индустриалды университеті рейтингтің 701-750 орнына тұрақтады.

Айта кеткен жөн, QS Азия университеттерінің рейтингі қазіргі таңда зор беделге ие. Ал, университетті бағалау жүйесі білім сапасын бағалаудың әлемде мойындалған құралы ретінде саналады.

QS университеттердің академиялық беделін, оқытушылар мен студенттердің арақатынасын, ғылыми жарияланымдар және халықаралық зерттеулерге қатысу деңгейі бойынша бағалайды.

• БАСПАСӨЗ – 2025

Болашақтың тамыршысы

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы жуырда 90 жылдық мерейтойын дүркіретіп атап өтті. Өткен күндерге көз жіберіп, алдағы күндердің жоспарын бағамдады. Мерейлі сәтте қасымыздан табылып, ақпараттық қолдау көрсетіп, жанашырлық танытқан облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газеті деп ауыз толтырып айтамыз.

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингі басшылығының қолдауымен газет ұжымы мерейтойымызда іргелі кітапханамыздың рухани қолдаушысы екенін тағы бір мәрте аңғартып, арнайы бет ұйымдастырды. Онда кітапхана ұжымының елеулі еңбегі жан-жақты таразыланды.

Жалпы, біздің кітапхана мен облыстың бас басылымы арасында сонау алыс жылдардан бері үзілмей келе жатқан тығыз іскерлік байланыс бар. Мен кітапхананың өлкетану әдебиеттері бөлімінің басшысымын. Бұл бөлімде өлкеміздің шежіресімен қатар, ақын-жазушыларының, қаламгер, журналистердің мұрасын жинап, насихаттаумен айналысамыз. Бұл жұмысымызда бізге «Ortalyq Qazaqstan» газеті зор көмек көрсетіп келеді. Біз газетке шыққан жерлестеріміздің әр жетістігін



кітапхананың мұрағатына және электронды каталогына мүқият сақтаймыз. Бұл – ертеден қалыптасқан дәстүр. Тіпті, кітапханамыздың негізгі қорларды сақтау

бөлімінде «Ortalyq Qazaqstan» газетінің шамамен 1949 жылдардан бергі («Советтік Қарағанды» атауымен шыққан кезінен бергі) тігінділері сақтаулы тұр.

«Орталықтың» әр санын асыға күтеміз. Өйткені, онда қазыналы аймағымыздың шежіресі, жүрек соғысы бар. Жыл сайын аймағымыздың бас басылымына жазылып, әр санын жібермей оқимыз. Газетті тұрақты түрде оқыған адамның жан-жақты әрі жұмысында табысты болатыны белгілі. Сондықтан да, біз 95 жылға жуық тарихы бар «Орталықтан» қол үзгіміз келмейді, үзбейміз де.

Сондықтан да, «Орталыққа» бір жылға жазылғанымызды қуана айтқымыз келеді. Жазылу, тіпті, жеңілдей түсті. Ақпараттық технология дамыған қазіргі кезде QR код арқылы жазылуға мүмкіндік жасалған.

Аймағымыздың өндірісі мен экономикасына, бизнесіне, білімі мен әлеуметіне, руханиятына, мәдениеті мен әдебиетіне, еліміздің ертенге бейжай қарамайтын көзі қаракты облыстың әр тұрғынын «Орталыққа» жазылуға шақырамыз!

Сандуғаш ТЕЛШЕКБАЕВА,
Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың өлкетану әдебиеттері бөлімінің басшысы

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ ауыл (тенге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	10447,44	5882,60
	12 ай	20894,88	11765,20
Жеке жазылулар үшін	12 айға	3386,60	3074,60
	4116 тенге	6773,20	6149,20

25 қазаннан 25 қараша аралығындағы жеңілдік тарифтері (жылдық жазылу шарты бойынша)

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (тенге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ ауыл (тенге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		19 454,88	10 397,20
Жеке жазылулар үшін	3492	6149,20	5 633,20

Анықтама телефоны:

☎ 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

✉ E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

«ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТІНЕ



Kaspi QR

АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ



Жеке жазылушылар үшін

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 529.38

• USD/KZT 492.22

• RUB/KZT 5.03

• CNY/KZT 68.74

Қазақстан Ұлттық Банкінің 8 қараша, 2024 жылғы дерегі бойынша



• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Еріктілер елге қызмет етеді

Өңірде еріктілерге грант беруге кең мүмкіндік жасалды. Осы орайда облыстың Жастар ресурстық орталығы волонтерлар арасында байқау жариялады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өтінімдерді қабылдау 25 қарашаға дейін жалғасады. Оған Қарағанды облысында тұратын 18 жастан асқан еріктілер қатыса алады. Жеңімпаздарға 500 мың теңгеден 10 шағын грант беріледі. Байқауға ұйымдар да, тұлғалар да қатыса алады. Үміткерлерге қойылатын басты талап – әлеуметтік маңызды жобаны жүзеге асыру.

– Өтініштерді қарастыру барысында волонтерлік салада бағдарламалар мен жобаларына ерекше басымдылық беріледі. Қосымша артықшылық ретінде сертификаттар, алғыс хаттар, ұсыныстар, жарияланымдар немесе волонтерлік тәжірибені растайтын басқа да құжаттар ескеріледі, – дейді ұйымдастырушылар.

Оңалту орталығының орны бөлек

Балқашта облыстың түпкір-түпкірінен келген сал ауруына шалдыққан және туа бітті ақауы бар балаларға оңалту көмегі көрсетіліп келеді. Бір жарым жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді қабылдайтын мемлекеттік мамандандырылған орталыққа жүгінушілер жетерлік. Мұндағы жұмыстарды көзбен көру үшін арнайы бардық. Айта кетейік, орталық нысаны ретінде Балқаш-1 станциясында екі қабатты ғимарат қайта жаңартылды. Инженерлік коммуникациялар толығымен ауыстырылып, үй-жайларда қолжетімді орта қағидаты бойынша күрделі жөндеу жүргізілген. Баспалдақтарға арнайы көтергіштер орнатылған.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Орталық осы уақытқа дейін қаладағы жүйке жүйесі ауыратын, тірек-қимыл аппараты зақымданған және басқа да кемістігі бар балалар мен жастарға әлеуметтік оңалту қызметін көрсеткен. Кейбір науқастардың денсаулығы жақсарған. Айта-лық, қимылсыз жандар жүріп, сөйлей алмайтындардың тілі шыққан. Заманауи үлгіде жабдықталған орталық оңалту, әлеуметтік-мәдени, спорттық сабақтарды кешенді түрде жүргізуге, қызмет сапасын арттыруға жол ашып отыр.

Балаларға арналған оңалту орталығының басшысы Дина Жамбекованың айтуынша, орталық қызметкерлермен толық қамтылған. Педиатр, ортопед-травматолог, реабилитолог, психолог, невропатолог, логопед, дефектолог, музыка, дене шынықтыру мұғалімдері және басқа мамандар бар. Жаттығу терапиясы, физиотерапия, массаж бөлмелері жабдықталған. Монтессори бөлмесі қарастырылған. Ыстық ванна мен тренажерлер, гальванизация және электрофорез, магнитотерапия және тағы басқа аппараттар бар. Жағын бөлмелерде функционалды керуестер қойылған. Емделушілерге күніне бес мезгіл ыстық тамақ беріледі. Орталық 30 орынға есептелген. Көрсет-



кіштер бойынша балалар алты айға дейін осында ем ала алады. Оңалту кешені медициналық, әлеуметтік және педагогикалық тұрғыда тегін қызмет көрсетеді.

– Оңалту орталығының негізгі мақсаты психологиялық-коррекциялық тәрбие үрдісі балалардың санасын, ой-өрісін дамытып, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға әсерін тигізу болып табылады. Өзіне-өзі сенуі, мінез-құлқын өзгерте білу, өзін

белгілі бір ортада ұстау дағдыларын меңгертуге күш саламыз. Қоғамға араласып, құқықтарының қорғалуына мүмкіндік туғызамыз. Оларды еңбекке үйретіп, өмірге икемді тұлға етіп қалыптастыруға жұмыс жасаймыз. Мұндай балаларды тәрбиелеу, оқу үрдісі білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мақсатты көздейді. Түзете-дамыту жұмысы және құжаттандыру құқықтық кеңесті қосқанда сегіз бағыт бойынша іске асырыла-



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

бір бала осымен екінші рет орталыққа жүгінген. Бұл туралы балаларға арналған оңалту орталық директорының әлеуметтік мәселелер бойынша орынбасары Гүлжанат Саматқызы айтып берді.

– Бұл жерде балаларды сауықтыруға, психикалық, эмоциялық жағдайын жақсартуға жағдай жасалған. Бейімдеу бойынша жақсы мамандар еңбек етеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларға көңіл бөліп, ата-аналарға да қолдау білдіреді. Каникул кезінде 20 бала орталықта болды. Біздің арнайы ұйымдастырылған көлік оқитын балаларды үйінен алып кетіп, кешкілік жеткізіп тастайды. Қазір орталықтағы балалардың үлкені 17 жаста ал, кішісі – 4 жаста. Өзірге, алыстан келген балалар арасында Теміртаудан бір бала бар. Қалғаны жергілікті жерден. Орталықта бес рет тамақ беріледі. Ал, осында түнейтін балалар үшін алты мезгіл ас беріледі, – дейді Гүлжанат Саматқызы.

Байқағанымыздай, сырт алаңында спорт және ойын алаңы, мәдени шаралар өткізу үшін сахна орнатылған. Орталықта музыка бөлмесі, сондай-ақ, арнайы жабдықталған спорт бөлмесі де қарастырылған екен. Өйткені, қимыл-қозғалысы бұзылған жандар аяққа тұрып кету үшін мәдени шарамен, спортпен айналысып, арнайы жаттығуларды жасауы қажет. Бұл олардың қан айналымын жақсартып, бұлшық еттеріне жан бітіреді. Емделушілер үшін спорт бөлмесінен бөлек, ұсақ моторика дамыту бұрышы да қарастырылған.

БАЛҚАШ
Сурет автордан

• ӘЛЕУМЕТ

Бар жақсылық балаларға

Қарағандыда мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған 16 заманауи ойын алаңы салынды. Олар Орталық парк пен Майкүдық мәдениет үйінің жанында орнатылды.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған бұл әткеншектер инклюзивті орта құруда маңызды рөл атқарады. Әрбір бала өзін қатарластарымен тең сезіне алады. Бұл ойын алаңдары барлық балаларға қолжетімді. Көмекке көбірек мұқтаж балаларға басымдық беріледі, – деп атап өтті

Қарағанды қаласының мәдениет және демалыс саябақтары басқармасының өкілі.

Әткеншектер кең, ол мүгедек арбасында отырған баланы да орналастыруға мүмкіндік береді. Мұндай ойын алаңдары – әрбір баланың өзін қоғамда қолайлы сезінуі үшін жасалған қадам.

Сурет облыс әкімдігі сайтынан

• ҚЫСҚА ӘЗІРЛІК

Алғашқы қар әбігерге салмады

Қарағандыдағы қар тазалау жұмыстарына 150-ден астам арнайы техника жұмылдырылды. Жұмыстар екі ауысыммен жүргізілді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазыбек би ауданындағы мердігер ұйымдар күндізгі ауысымда 105 арнайы техникамен қатар шамамен 120 жол жұмысшысын шығарды. Түнгі жұмысқа 35 арнайы техника және 45 жұмысшы жұмылдырылды.

Ал, Әлихан Бөкейхан ауданында қар жауған уақытта 50-ден астам арнайы техника мен 45 жұмысшы жұмылдырылды. Түнгі уақытта жолдарды тегістеу үшін 300 тоннадан астам тұзды-құмды қоспа пайдаланылды.

Техника мен жұмысшылардың саны ауа райы жағдайына байланысты өзгеріп отырғандықтан алдағы қыс айларын-



да да арнайы техниканың басым бөлігі түнгі ауысымда жұмыс істейтін болады.

Көктайрақты жою мақсатында 13 мың тонна тұзды-құмды қоспа дайындалды. Жуырда тағы 10

мың тонна қоспа қорды толықтырмақ. Бүгінгі күнге дейін 200 тонна тұзды-құмды қоспа қарастырылған.

Бүгінде Қазыбек би ауданына қарасты Саран тасжолы бойында

және Гапеев 17/2 көшесінде екі қар полигоны орналасқан. Қар сақтау алаңдарын аудан тұрғындары мен шағын және орта бизнес нысандары пайдалана алады.

Лудоманияның жалғыз емі – жігер

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның біріншісі – мотивациялық кеңес беру. Екіншісі – құмар ойындарға патологиялық құштарлықтың когнитивті мінез-құлқыл терапиясы. Ал, үшіншісі – лудоманиямен ауыратындардың экспозициялық терапиясы. Ал, адамда аталған дертпен қатар, депрессия немесе мазасыздық жағдай болса, стационар жағдайында депрессияға қарсы дәрі-дәрмек те қосылады, – дейді Азамат Қайсарұлы.

Азамат Ибраев алдымен, пациенттің емделуге деген ынта-ниеті болуы керек екенін айтады. Олай болмаған жағдайда дәрігердің өзі де көмектесе алмайды.

Аурудан толықтай жазылуға болады. Ол үшін емделемін деген ниеті болса болғаны. Бірақ, өкінішке қарай, статистикалық деректер мемлекеттік және жекеменшік емдеу орталықтарының мамандарына лудоманиядан



зардап шегетіндердің небары бір пайызы ғана жүгінетінін көрсетіп отыр. Яғни, психикалық денсау-

лық саласындағы мамандарға жүгінетіндер өте аз, – дейді Азамат Ибраев.

Дәрігер дертке шалдығу себептері әр түрлі екенін айтады. Яғни, кез келген психикалық бұ-

зылыс ретінде оған көп жағдаят ықпал етеді. Мәселен, генетикалық бейімділік, тәрбие, түрлі әлеуметтік ұстанымдар да осы психикалық ауруға алып келуі мүмкін. Лудоманияның алдын алу үшін жекелеген адамның психикалық саулығы ғана емес, жалпы, қоғамның саулығы маңызды екенін айтады Азамат Қайсарұлы. Яғни, Қарағанды облыстық психикалық саулығы ғана емес, жалпы, қоғамның саулығы маңызды екенін айтады Азамат Қайсарұлы. Яғни, Қарағанды облыстық психикалық саулығы ғана емес, жалпы, қоғамның саулығы маңызды екенін айтады Азамат Қайсарұлы.

– Мамандарымыз түрлі мекемелерге шығып, кеңестер береді. Бұл ретте мектептерден бастап, жекелеген ұйымдарда да боламыз. Семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткіземіз. Атап айтқанда, аптасына екі немесе үш шара. Оның қатарында тек лудомания дертінің алдын алу ғана емес, сондай-ақ, өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу, есірткінің, вейптердің, темекінің зиян туралы да

бар, – дейді Азамат Ибраев.

Емделіп шыққаннан кейін аурудың қайталануын болдырмау мақсатында тұрақты түрде психотерапевт маманның қадағалауында болғаны жөн. Азамат Қайсарұлы лудомания дертіне шалдыққанға психолог емес, психотерапевт немесе психиатр ғана көмектесе алатынын айтады.

«Адамның өмір сапасы төмендеп, әлеуметтік және басқа да функцияларын жоғалтқанда, дәрігер ғана көмек бере алады», – дейді Азамат Ибраев.

Шілде айының басында Қасым-Жомарт Тоқаев «Лудоманияға қарсы заң» деп бейресми түрде аталған құжатқа қол қойды. Ол бойынша елімізде бәс тігетіндердің қатары азаяды. Өйткені, борышкерлердің бірінғай тізіліміне енген адамдар құмар ойын ойнай алмайды. Заң 3,5 миллионнан астам қазақстандықтарға құмар ойындарын ойнауға тыйым салады.

Орнықты дамудың орасан мүмкіндігі



Қарағанды облысы – Қазақстанның өнеркәсіптік жүрегі. Өнірдің ел үшін стратегиялық маңызы әрқашан жоғары болмақ. Осы артапты әрі кешенді саланың дамуы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауларында белгіленген жаһандық үрдістермен және Ұлттық мақсаттарымен етене байланысты. Мемлекет басшысының индустрияландыруды жеделдетуге, елдің энергетикалық әрі экономикалық тәуелсіздігін нығайтуға үндеуі қазыналы Қарағандыға қарата айтылғандай әсер қалдырады. Мұнда біз жаһандық сын-қатерлер мен мүмкіндіктер аясында облыстың индустриялық дамуының қазіргі жағдайы мен басымдықтарына зер саламыз.

дейін ұлғайту көзделді. Қазірдің өзінде облыстың бірқатар зауыттарында деректерді басқару мен талдаудың автоматтандырылған жүйелері енгізіліп, өнімнің өзіндік құнын төмендетіп қана қоймай, оның сапасын арттыруға септігін тигізеді.

азайту үшін ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен республикамыздың басты құндылығы адамдарымыздың денсаулығын сақтаудың қамы. Назардан тыс қалдырмай, күн мен жел энергиясының дамуын ынталандырса несі жаман?! Не дегенімізбен, әлем сол жолға

бар қалаларды көп салалы өнеркәсіптік орталықтарға айналдыра алатынын көрсетеді.

– Кез келген бастаманың артында адам тұрғанын сезінсек, ұғамыз. Бүгінгі индустрияландыру үдерісі жаңа салалар үшін жас кадрларды даярлау бағдарламаларын қамтуының өмірлік мәні бар. Жастар таңдайтын техникалық мамандықтар жоғары технологиялық және экологиялық таза өндірістердің қажеттіліктерін қанағаттандыра алуы керек. Осы ғасыр – ғылым мен білім кезеңі. Сондықтан, дуальды оқыту бағдарламаларын құру және оқу орнында мен кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастықты кеңейту – жастарымыздың цифрлық экономика талаштарына дайын болуының басты алғышарты. Түптеп келгенде, кадр даярлаусыз өндіріс тұрақты дамуын қамтамасыз етуді көзге елестете алмаймыз, – деді жастар бастамаларының үйлестірушісі Әлия Ахметова.

Ал, жергілікті кәсіпкер Ерболат Еркебуланов облыстың даму жолында зор әлеуеті барлығын растайды. Бірақ, мұнда артапты назар сала отырып, кебек нанның тіліміндей жекелеген инвестицияны да тартатын жағдайлар жасау керек-ақ деген тұжырымға келеді. Себебі, тұрақты өсуге мемлекеттің мейлінше «аз араласып», жекелеген идеялар мен бастамаларды барынша белсенді қолдау жолымен ғана қол жеткізуге болатындығына мән береді. Бұл бәсеке-келестікті тудырады. Ал, бәсеке-келестік өндірілетін өнімдер мен қызметтердің сапасын жақсартады. Адамдардың жұмысын қамтамасыз етеді, облыстың кірісін арттырады.

Қош, «естітін мемлекет» үшін аталған пікір мен пайым қатары жоғарыда біз сөз еткен индустрияландырудың экологиялық, экономикалық және әлеуметтік аспектілеріне алаңдайтын аймақ тұрғындарының жалпы ұстанымын аңғартады. Өңірдегі индустриялық жобалар тұрақты дамуын, өмір сүру сапасын жақсартудың және ең бастысы экологиялық заңалды азайтудың негізі ретінде қабылданбақ.

Инфографика автордан

Ерқанат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өнеркәсіп өндірісінде көшбасшы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Еліміздің өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану үшін жан-жақты шаралар қабылдау қажет. Үкімет 17 ірі жобаның тізімін жасады. Онда терең өңдеу тәсілін меңгеруге басымдық берілген. Өз шикізатымыз бен құрал-жабдықтарымызды барынша пайдалану, ірі кәсіпорындарға жапсарлас өндірістер ашу маңызды. Мен жуырда Қарағанды облысында болдым. Сол кезде Qazmet металлургия комбинатына бардым. Отандық инвестор келген соң, ондағы ахуал едәуір тұрақталды. Кәсіпорын жаңғыртыла бастады. Бұл қадам өндірілетін өнім көлемін айтарлықтай арттыруға тиіс. Саран қаласының экономикасын әртараптыңдыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Онда автокөлік доңғалағын және тұрмыстық техника шығаратын өндірістер іске қосылды. Соның арқасында бұл елдімекен моноқалалар санатынан шығарылды. Басқа да моноқалаларға дем беру үшін осы тәжірибені қолдану қажет», – деп баса белгіледі.

Жалпы, аймақтардың өсіп-өркендеуіне жол ашатын жаңа өндіріс орындарын барынша дамыту керек. Бүгінде облыс өнеркәсіптік өндіріс көлемі бойынша үшінші орынға жайғасты. Былтыр өндірісті өңір 3,5 триллион теңгеден астам тауар өндірді. Бұл көрсеткіш елдің жалпы өнеркәсіптік өндірісінің шамамен 14%-ын құрайды. Аймақтың индустриялық профилін қалыптастыратын негізгі салаларға өңдеу өнеркәсібі, қара және түсті металлургия, көмір өндіру, машина жасау және химия өнеркәсібі жатады.

Ресми статистикаға сәйкес, 2022 жылмен салыстырғанда облыста өнеркәсіп өндірісінің көлемі 4,2%-ға ұлғайған. Дегенмен, өндіріс тұрақтылығына қойылатын талаптардың артуына және кәсіпорындардағы жабдықты жаңарту қажеттілігіне байланысты осы қарқын баяуламайды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында бірнеше мәрте «жасыл жаңғыртудың» маңыздылығын атап өткенін білеміз. Мемлекет басшысының маңызды мәлімдемелері көмірлі өндіріс өнеркәсібіне көлемді ұлғайту ғана емес, сонымен қатар, экологиялық тұрақтылықты едәуір жақсарту міндетін жүктейді.

– Қарағанды облысындағы индустриялық жаңғырту саласындағы табысты бастама Саран қаласында жүзеге асты. Бүгінде Үкіметтің қолдауымен қала экономикасын әртараптыңдырудың үлгісіне айналғанын айтқым келеді. Ол моноқала мәртебесінен шығарылып, алғаш рет тарихта айтарлықтай салықтық түсімдер бере бастады. Қазір өнеркәсіп өндірісінің 93,2%-ы өңдеу саласына тиесілі. Бұл ең алдымен Саран индустриалды аймағын дамыту нәтижесінде мүмкін болды. Қазіргі таңда 400 млрд теңге көлемінде 9 жоба іске асырылып жатыр, – деді аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.

Жүзеге асырылған жарқын жобалардың арасында облыс әкімі автобус шығару, автомобиль доңгелектері мен тұрмыстық техника өндіретін зауыттарды ерекше атап өтті. Президенттің тапсырмасы бойынша бұл тәжірибе облысымыздың басқа моноқалаларында – Теміртау, Балқаш, Шахтинск және Абай қалаларында да енгізілуі үстінде.

Инвестиция – дамудың драйвері

Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында «Мен биыл мамыр айында «Экономиканы ырықтанды-



Қолжазба жасап А. Ковалев

– Қарағанды облысындағы индустриялық жаңғырту саласындағы табысты бастама Саран қаласында жүзеге асты. Бүгінде Үкіметтің қолдауымен қала экономикасын әртараптыңдырудың үлгісіне айналғанын айтқым келеді. Ол моноқала мәртебесінен шығарылып, алғаш рет тарихта айтарлықтай салықтық түсімдер бере бастады. Қазір өнеркәсіп өндірісінің 93,2%-ы өңдеу саласына тиесілі. Бұл ең алдымен Саран индустриалды аймағын дамыту нәтижесінде мүмкін болды. Қазіргі таңда 400 млрд теңге көлемінде 9 жоба іске асырылып жатыр, – деді аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.

ру шаралары туралы» Жарлыққа қол қойдым. Бұл құжатта көрсетілген талаптар мұлтіксіз орындалуға тиіс. Мемлекеттің экономикадағы тікелей үлесі әлі де жоғары деңгейде қалып отыр. Мұндай ахуал нарықтағы теңдік шарттарын бұзады, жеке бастамаларға тосқауыл болады. Елімізде мемлекеттік кәсіпорындарды басқару саясаты әлі де тиімсіз екенін мойындаған жөн. Олардың мақсат-міндетін, қызмет аясын, қаржыландыру тәсілдерін және жұмысының басқа да тұстарын тиісті заңдармен реттеу қажет. Сонымен бірге, холдингтер мен Үкімет арасындағы қаржы мәселелеріне қатысты ұстаным тұрақты әрі жүйелі болуға тиіс», – деп, тапсырманың тап-тұйнақтай орындалуына мән берілетінін айқын аңғартты.

Облыста тұрақты өсу үлесіне қол жеткізу үшін инвестиция көлемі ұлғаймаса кемімеді. Тек соңғы бес жылда қазыналы Қарағанды өнеркәсіпке шамамен 1,2 триллион теңге инвестиция игілігін жұмылдырған. Мұның 45%-ы – шетелдік салымдар. Ірі жобалардың ішінде Qazmet металлургия комбинатында өндірісті кеңейтуді, сондай-ақ, көмір шахталарын жаңғыртуды атап өтуге болады. 2023 жылы іске қосылған жобалардың жалпы көлемі шамамен 650 миллиард теңгені құрады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ірі инвестициялар легі жаңа жұмыс орындарын құрып қана қоймай, қазіргі заманғы индустриялық кластерлердің қалыптасуына ықпал ететінін атап өтті. Бұл кластерлер «өсу нүктелеріне» айналады, олардың айналасында компоненттер мен ілесіп қызметтерді ұсынатын шағын және орта бизнес дамиды.

Қарағанды облысының экономикасына жыл басынан бері 680 миллиард теңгеге жуық инвестиция құйылды. Екі жаңа кәсіпорын жұмыс істей бастады. Бұл полиэтилен құбырларын өндіретін және болат су жылытатын газ қазандықтарын шығаратын кәсіпорындар. Тағы сегіз жоба іске қосылады деп күтілуде. Qazmet кәсіпорынында жаңа инвестордың келуімен тоқтап тұрған кеніштер қалпына келтірілді, шахталар жанданды. Жыл соңына 200 млрд теңгеден астам инвестиция тартылған тағы 8 жоба іске қосылмақ. Бұл 2600 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Ірі жобалардың қатарында мыс және ферросилиций өндіретін зауыттар бар.

Әлбетте, қойны-қонышы құтқа толы атамекеніміздің қазынасы түгесілмесін дейік. Не дегенімізбен, заманына қарай қадамы. Қара жерден күн қазып, оны әлемдік стандарттарға сай ету дейтін іргелі мәселе екендігі ұдайы есте тұрады. Ақпарат бұлақтарында тырнақшаның ішіндегі бір ауыз сөзбен «жасыл индустрияландыру» экологиялық таза өндіріске көшу әл-әзір күн тәртібінен түспейтін терең мәңге не. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларының сап басында «жасыл экономика» құру тұр. Әсіресе, Қарағанды сияқты өндіріс дамыған облыстар үшін бұл аса өзекті. Облыс республикада көмірқышқыл газы шығарынының көлемі бойынша екінші орында. Ойлап, тиісті қорытынды шығаратын жай.

Көмірлі Қарағандыда қара алтын мен түрлі металдардың орасан зор қоры ғана емес, кадрлық биік әлеуеті де бар. Өңір жастары техникалық мамандықтарды жиі таңдайды. Ал, жергілікті жоғары оқу орындары болашақ индустрия үшін кадрлар даярлау жөніндегі бағдарламаларды белсенді енгізуде. Облыстық білім басқармасы өкілдерінің мәліметінше, кейінгі бір-екі жылда техникалық бағыттағы студенттер саны 15%-ға арқан. Білікті мамандарды даярлау – облыстың тұрақты дамуының негізі. Түлектерге нақты өндіріс жағдайларына тез бейімделуге мүмкіндік беретін дуальды оқыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу үшін жоғары оқу орындарының кәсіпорындармен ынтымақтастығын кеңейту басты міндет.

Тастүйін стратегия

Зиянды қалдық – қордалы мәселе. Бір күнде шешілмесі де айдан ашық көрінеді. Дегенмен, өңірде энергия шығынын азайту үшін кәсіпорындарда жабдықты жаңғырту үдерісі басталып кетті. Жабдықты жаңарту бағдарламасы 2030 жылға қарай шығарындыларды 1,5 миллион тоннаға азайтуды көздейді. Содан кейін, жаңартылатын энергия. Күн және жел электр станцияларын пайдалану кеңейту. Өңірде жалпы қуаттылығы 240 МВт болатын бірнеше күн станциясы жұмыс істейді. Бұл да шығарындыларды жылына 500 мың тоннаға қысқартуға мүмкіндік береді. Ластануды азайту. Қарағанды металлургия комбинаты мен көмір шахталары сияқты ірі өнеркәсіптік нысандарда заманауи тазарту жүйелері енгізілуде. Бұл бір ойлап, қалыптаған нәрсе емес, әсілі. Яғни, жаһандық тиімділігі жоғары трендтердің аймақтық индустрияландыруға әсері деп білсек керек-ті.

Әлемдік экономика «ақылды» экологиялық индустрияландыруға көшуде. Өндірістегі цифрлық технологиялардың өсіп келе жатқан рөлі, автоматтандыру мен роботтандыру – біртіндеп отандық өндіріс өрісіне енетін тренд. «Индустрия 4.0» бағдарламасы жасанды интеллект, машиналық оқыту әрмен қарай заттар интернетін (IoT) енгізуді қоса алғанда, Қарағанды облысының кәсіпорындарын жаңғыртуға бағытталуда.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әр Жолдауында Қазақстан әлемдік экономикада бәсекеге қабілетті болу, үшін жаһандық үрдістерге бағдарлануы тиіс екенін атап өтті. Цифрландыру бастамасы шеңберінде 2025 жылға қарай өнеркәсіптік кәсіпорындардағы цифрлық өндірістің үлесін 30%-ға

Көмірлі Қарағандыда қара алтын мен түрлі металдардың орасан зор қоры ғана емес, кадрлық биік әлеуеті де бар. Өңір жастары техникалық мамандықтарды жиі таңдайды. Ал, жергілікті жоғары оқу орындары болашақ индустрия үшін кадрлар даярлау жөніндегі бағдарламаларды белсенді енгізуде. Облыстық білім басқармасы өкілдерінің мәліметінше, кейінгі бір-екі жылда техникалық бағыттағы студенттер саны 15%-ға арқан. Білікті мамандарды даярлау – облыстың тұрақты дамуының негізі. Түлектерге нақты өндіріс жағдайларына тез бейімделуге мүмкіндік беретін дуальды оқыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу үшін жоғары оқу орындарының кәсіпорындармен ынтымақтастығын кеңейту басты міндет.

Қазыналы аймақ тұрақты және «жасыл дамуға» бағдарланған индустрияландырудың жаңа кезеңінің қарсаңында тұр. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жылма-жылғы Жолдаулары өңірді экологиялық құрамдас бөлікті күшейтеді және цифрлық технологияларды белсенді енгізуге шақыра отырып, болашаққа нақты бағдар береді. Қарағанды облысындағы индустрияландыру экономикалық өсу үшін басалқы басымдықтар ашып қана қоймай, жұмыс орындарын қамтамасыз ете отырып, халықтың өмір сүру сапасын арттырып, әлеуметтік тұрақтылықтың маңызды факторы екендігін естен шығармайды.

Жұртшылық не дейді?

Облыс тұрғындары осындай келелі мәселеден қалыс қалмайды. Кез келген оқиғаны көз жазбай қарап тұрады. Бір сөзбен айтқанда, белсенді. Арнаулы сауалнама жүргізілімізде бірнеше қоғам белсенділері қайырылып, ұн қатып, пікірлерін білдіре кетті. Олар «жасыл технологияларды», smart жүйені интеграциялаудың әрі орнықты болашақ үшін инвестиция көлемін ұлғайтудың маңыздылығына тоқталды.

– «Жасыл индустрияландыру» өнеркәсіптік кәсіпорындар шығаратын зиянды шығарындылардың жоғары деңгейін ескере отырып, біздің аймақ үшін қажеттілік деп есептейміз. Біз, мысалы, Қарағанды металлургия комбинаты сияқты ірі зауыттарда заманауи тазарту жүйелерін орнату арқылы қоршаған ортаға кері әсерін төмендететін жобаларды барынша жан-жақты қолдауға тиіспіз. Ауаға таралатын зарарлы қалдықтарды

бет бұрды. Мұқтаждық жақсы дүние емес. Келе-келе, бара-бара, аймақтың көміртегі ізін азайтып, көмір энергетикасына тәуелділікті едәуір кемітуге жарарлық дүние! – дейді эколог Галина Алтынова.

Жергілікті үкіметтік емес ұйымның өкілі Данияр Нұрпейісов болса, өңірлік сипатты жобаларға инвестиция жұмылдыру, әсіресе, отандық және шетелдік инвесторлардың қатысуымен, экономикалық жағдайды жақсарту, облыс аумағында жаңа жұмыс орындарын құру үшін қуатты база жасақтайды деген ой түйеді. Теміртау, Балқаш және Абай сияқты моноцентристік қалалар Сарандағыдай әртараптыңдыруды өте-мөте қажет етеді. Өнеркәсіптік аймақтар жетістіктерінің айшықты мысалдары дұрыс инвестициялар мен сауатты басқару тәуелді экономикасы

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Қарағанды облысындағы индустриялық жаңғырту саласындағы табысты бастама Саран қаласында жүзеге асты

Қазір өнеркәсіп өндірісінің 93,2%-ы өңдеу саласына тиесілі

Қазіргі таңда 400 млрд теңге көлемінде 9 жоба іске асырылып жатыр

Тек соңғы бес жылда қазыналы Қарағанды өнеркәсіпке шамамен 1,2 триллион теңге инвестиция игілігін жұмылдырған

Мұның 45%-ы шетелдік салымдар

2023 жылы іске қосылған жобалардың жалпы көлемі шамамен 650 миллиард теңгені құрады

“Еліміздің өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану үшін жан-жақты шаралар қабылдау қажет. Үкімет 17 ірі жобаның тізімін жасады. Онда терең өңдеу тәсілін меңгеруге басымдық берілген. Өз шикізатымыз бен құрал-жабдықтарымызды барынша пайдалану, ірі кәсіпорындарға жапсарлас өндірістер ашу маңызды”

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев



Ғалым, ақын Қойлыбай Асан – 60 жаста

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

«... Ал мұның аруағы – Шопан ата»

Сексенінші жылдары Қойлыбай мені Қарқаралыға іздеп келді. Ол кезде жастар газетінің тілшісі. Уыздай жас. Сөйлесіп көрсем, өне бойы өлең екен. Менімен қатарласа, қапталдаса қолына қалам ұстаған Дәуітәлі Стамбеков – Алматыда, Ғалым Жайлыбай – Жезказғанда жүрген. Қолына қалам ұстап, ақ қағазға телміретін Арқа қазағының қарасы, мүлде, аздау кез. Ол кезде Қарағанды қазақстан оқшаулап, орыстанып кеткен өңірге жатады.

Жетпісінші жылдардың ортасы, Алматыда бір сыраханана Дәуітәлі, Жарасқан, Тынышбай бір топ ақындардың ортасында мен өлең оқығанда бір шәй-ірдім:

– Қарағандыда да қазақша білетін біреу бар екен-ау?! – деп аң-таң қалғаны әлі есімде.

«Кемелденген социализмнің» сол кездегі кескін-келбеті осындай еді.

Менің алғашқы жинағым отыздан асқанда әзер жарық көрген. Ол кезде кітап шығару қиямет-қайым дүние болатын. Қарағанды облысындағы СССР Жазушылар одағының мүшесінің ұзын саны жеті-сегізге әзер жететін. Соның ең жасы мен едім. Кейінгі толқын жас буын мені қоршап, қолдап, дуылдап жүруші еді. Соның көш басында осы Қойлыбай болды. Қасында адуынды ақын Қара Дәулет жүреді. Жай жүрмейді, елді иіріп, алдына салып, айдап жүреді.

Орыстың ұлы ақыны Юрий Кузнецовтың «Я в поколений друга не нашел» деген өлеңі бар еді. Біздің басымыздан да сондай жағдай өткен.

Қойлыбайдың буыны мені саф таза адами болмыс, адалдықпен, өлең мен өнерге деген көзсіз інкәрәлімен магниттесіне өзін тарту жөнелді. Ол екі ортада социализмнің шаңырағы ортасына түсіп, қырып-жойып, нарық келіп жетті.

Қойлыбай мен Қара Дәулет Қарағандыда бітімді өзгеше әдеби орта құрып, қалыптастыруға аянбай атсалысты десе

болады. Сол кезде облыстық мәдениет департаментінің төрайымы, ұлттық руханияттың жанашыры Рымбала Омарбекованың ұйытқы болуымен облысымызда әдеби, поэтикалық кештер, облыстық, республикалық ақындар айтыстары дүркіреп өте бастады. Сәкен серінің (Сәкен Жүнісов) «Алматы Мәскеуге ұқсаса, Қарағанды Петроградқа ұқсап барады!» – деген сөзі сол кезде айтылған!

Қойлыбай небір аламан айтыста жүделі орындарға ие болып, Қарағандының атак-даңқын республикаға шығарды. Айтыс ақындарының ішінде маған Баянғали Әлімжанов, Қонысбай Әбіл, Әзімбай Жанқұлиев, осы Қойлыбайлардың орны бөлектеу еді. Бұларға айтыстың ардын ала өлең жазып, (оны айтыскерлер «заготовка» дейді), сахнаға шығу, мүлде жат. Суырып салады! Он тоғызыншы гасырда қазақ сахарасына келген Янушкевичтерді аң-таң қалдырған суырып салып өлең айту – Сүйінбай, Жамбыл, Кемпірбай, Шөжелердің аруағы осылардың арқасына қонған-ды.

Айтыста талай есесі кеткен Қойлыбай кейін содан докторлық диссертация қорғап, профессор атанды. Бүгінде айтыс өнерінің Қойлыбайдай білгірі біздің республикамызда саусақпен санарлықтай ғана.

Қойлыбай Асан алпысқа келді дегенге сенер, сенбесімді біле алмай отырмын. Бүгін өзіміз де қартаң тартқанымды сезінгендеймін. Оның бойында елім деп

еміренетін махаббат сезімі, жақсы мен жаманды айыратын ақыл-ой, бекзатқа ғана тән тектілік жетіп артылады. «Қойшының ұлы Қойлыбай» деген өлеңімді сексенінші жылдары жазған екем. Ол кезде Қойлыбай жиірміден асқан жігіт. Алпысқа келсе де, сондайғы образынан әлі айнымаған:

Қойлыбай даусын көкке созбайды көп,
Қайғысын қай-қайдағы қозғайды кеп;
Қазақтың қалың қойы маңыраса,
Қосалып сонымен бір боздайды кеп;
«Долада жұрттан неге озбайды?» – деп,
Е, ел айта берсін...

Ақынның жеңсігі – өмір, азығы – сор,
Алашы – тоқтар алтын қазығы сол.



«Күйін кешіп күйірген жоқшының,
Соңынан ердім Ақсұңқардай жақшының...»

Қойшының қосында кеп дүниеге,
Қойлыбай атанды – бар жазығы сол.

Шөп те – өлең қазір жұртқа, шөнге де – өлең,
Шәйірі көп шөнгеменен дөңгелеген.
Ал, мұның аруағы – Шопан ата,
Шаруасы болған емес өңгеменен.

Шабытсыз шырқамаған ол бір әнін,
Құлағын жүз бұрағын, он бұрағын;
Аруағы Шопан Ата жембесе,
Тіл-аузы байланады домбыраның.

Айттыса осындағы дөйлеріммен,
Қойлы ауыл көшіп өтер ой легімен.
...Халтуршик машинамен қайтады ылғи,
Қойлыбай – тер шылқыған көйлегімен...



Кемпірбай, Шөже туған шаңырақ бұл,
Ол кейде шырқар дерсің аңырап құр.
Өйткені қошақаны жамырап бір,
Өрістен қайтқан қойы маңырап тұр.

Кейде оның жазылады бой, бауыры,
Ойран сап дүниеге ой дауылы.
Өйткені, пұл алып қайт демей оны,
«Сөзіңді айт!» – деп жіберген қойлы ауылы.

Қойлыбай даусын көкке созбайды көп,
Қайғысын қай-қайдағы қозғайды кеп;
Қазақтың қалың қойы маңыраса,
Қосалып сонымен бір боздайды кеп;
«Долада жұрттан неге озбайды?» – деп,
Е, ел айтса – айта берсін...

Арқаның арда ақыны



Ақжолтай бауыры Аманжол Әлтаевпен

Қойлыбай ақынмен сонау сексенінші жылдардың бел ортасында басталған студенттік шағымыздан танысып. Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың филология факультетіне ол біз сияқты мектеп қабырғасынан емес, екі жыл әскер қатарында ысылып, 1986 жылы келіп түсті. «86» десе, әлбетте, санамызда сол жылдыңызғарлы желтоқсаны жаңғырады.

Алматыда басталған көтерілістің дүмпуі Қазақстанның бірнеше өңірінде, соның ішінде Қарағандыда да болып еді. Ұлттың намысы найзағайдай ойнаған ұлы оқиғаның бел ортасында Қойлыбай сынды жиірманың о жақ, бұ жағындағы жастар жүрді. Транспорт көтерген қыз-жігіттер облыстық партия комитетінің ғимараты алдында атой салды. Одан көп ұзамай Кеңес Одағы ыдырап, Тәуелсіздігіне енді ғана қол жеткізген елімізде экономикалық дағдарыс белең алған тоқсаншы жылдарға киелілік.

Зиялы қауымның өзі күнкоріс қамымен базар жағалап кеткенде Қойлекенді некен-саяқ азаматтар қаламын қантармастан, болмашы жалақыға, тіпті еңбекке айлап төленбеген кездерде де журналистиканың қамытын киіп, қазақ руханиятының арбасын алға сүйреді. Қарағандыдағы әдеби ортаның ақылманы Серік Ақсұңқарұлымен сыйлас, сырлас Қойлекен сол ақын ағамызбен бірге талай жас қыранды поэзия әлеміне баулып, томағасын сыпырды.

Тіл біліміне құштарлығымен

ғана емес, ақындық дарынымен де ерте танылған Қойлекен республикалық айтыстарда көп жылдар бойы Жезказған мен Қарағанды облыстарының намысын қорғады. Ойы ұшқыр, тілі жүйрік ақынның табан астында тауып айтар ұтқыр да шешен шумақтарын сан естіп, сүйсініп жүретін едік.

Ұлы Абайдың 150 жылдық тойындағы айтыста Қойлыбай ақын:

Қазақта ең жаманы надан болу,
Надан боп, басқаларға бодан болу.

Ақын болу әркімге арман шығар,

Абай болу – алдымен Адам болу, – деп төгіліп еді. Сол өзі айтқандай, біз білетін Қойлекен өмір жолында ең алдымен Адам атына лайық болуды парыз санаған биік ойлы азамат.

Есімін ел таныған ақын Қойлыбай Дәулеткелділуы бүгінде Қазақстан Жазушылар одағы мен Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, өзі туып-өскен Жаңаарқа ауданының Құрметті азаматы, ҚР Президенті стипендиясының иегері, филология ғылымдарының докторы, профессор. Бірнеше прозалық, поэзиялық кітаптар мен ғылыми еңбектердің авторы. Осының бәрі жүздеген шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаздың үздіксіз ізденісі мен көп жылғы еңбегінің жемісі.

Әу бастан қаламгерлік жолына түскен Қойлекен өмірлік серігін де журналистік жолының септігімен тапты десек болар. 1991 жылы

университетті тәмамдағаннан кейін сол кездегі беделді жастар апталығы «Қарағанды жастарында» еңбек етіп жүрген кезінде осы редакцияға тәжірибеден өтуге келген Қоңыр сұлуды кездестіріп, әңгімелері жарасты. Содан бері жұбы жазылмаған екеуі үлгілі шаңыраққа айналды, Акерке, Ақжол, Ақзері сынды ұл-қыздарын ұлтқа қызмет жасар азамат етіп тәрбиеледі.

Сөз басында айтқанымдай, студент кезімнен жақын танысып, дос-жар болған Қойлекеннің әлдекіммен сөзге келіп, жүз шайысқанын көркем түгілі, естімеппін де. Қойдай қоңыр мінезді Қойлекені өзіне сай Қоңыр сұлудың кезіккені де Жаратқанның арнап жасаған сыйы болар. Гажап сәйкестік!

Қатайса құрыштай, жымыса жібектей Қойлекенмен қырық жылға таяған таныстығымыздың бойында сыйластығымыз үзіліп көрмейді. Аққойлек азамат қашанда тілеулес көңілімен тәнті етіп жүреді. Ойы да, бойы да кең, қашан да қазақы дархан мінезінен айнымаған Серінің өзі! Осы күндері алпыс жастың асқарына көтерілген Қойлекен замандасыма әрдайым тілекшімін, шығармашылық өрісі кеңіп, қазақ руханиятына қосып жүрген қабырғалы еңбектері қайырлы болғай деймін! Абыройыңыз артып, бағыңыз еселене берсін, Арқаның арда ақыны!

Қайрат ӘБІЛДА,
«Saryarqa Aqparat»
медиахолдингінің директоры

Ұлағатты ұстаз

Студент кезімізде Қойлыбай Дәулеткелділуының тәлімін де, жақсылығын да көп көрдік. Үлкен жүректі ұстаз ғана емес, аға да бола білді, жәй ұстаз ғана емес, рухани ұстаз ретінде өмірлік бағыт-бағдар берді.

Бұрын телеарналардан айтысын көріп, атын естіп, дабысына қанық болған ұстазымызбен студент атанған 2001 жылы таныстық. Ол кездері қырыққа жаңа ілініп қылшылдап тұрған кезі еді. Бірақ, сөйлегенде ұлы абыздардай төгілетін. «Шешендік өнер» сабағында тайпалаған жорғадай ағызатын.

Қойлыбағанды әсіресе, ауылдан шыққан, біз сияқты қазақи жастар көп жағалайтын. Дәрісін бастап жібергенде төгіле жөнелетін. Бағаның би-шешендерінің алдында отырғандай ұйып тындайтынбыз.

Ұстазымыздың Қарағандыда өткен 1986 жылы Желтоқсан қозғалысының ұйымдастырушысы, сол кезде студенттерге үгіт жүргізген қатысушысы ретінде жазаға да тартылғаны туралы әңгіме біздің де құлаққа тиген болатын. Арасында Желтоқсан туралы сұраймыз. Алысқа көз тастап біраз ойланып алып, терең бір күрсініп, ауыр әңгіменің тиетін ағытатын... Кейін ұлттың ертені үшін ереуілге шыққан жанында жастардың оқиғасына қатысты басылымдарға біраз мақаласын жариялады.

Қойлыбағамыз облыстық «Замандас» жастар апталығында, «Орталық Қазақстан» газеттерінде тілші болған. Бертінде облыстық «Шипа-

гер» денсаулық газетінде бас редактор болып жұмыс істеген. Отыздың ортасына дейін үлкен мектептен өткен. Сол мол тәжірибесін бізге аямай үйретті.

Оқу бітіріп, жұмысқа кіріскен соң шақырып алып, түптің-түбі ұлттың дамуына ең үлкен пайдасын тигізетін ғылым екенін айтып, «Биыл алғаш рет магистратура ашылайын деп жатыр, соған құжаттарыңды жинап, тапсыр», – деді. Бір жағы – ақыл, бір жағы – бұйрық болатын. Ғылымға деген қызығушылығы жоқ адамның солайша үлкен жолға түсуіне ықпал етті.

Сол кездері расын айтсам, құжаттарымыз Қойлыбағанды сыйлағаннан тапсырған едім. Жұмыс істеп жүріп оқу да оңайға соқпады, үлгермей жатқан кездерде көмектесіп, ақыл-кеңесін айтып, бітіріп шықтық. Кейін білімімізді толықтыруға шетел астық. Ғылым деген күдіретті де ғаламат әлемге бет бұруға себепкер болғаны үшін ұстазымызға алғысым шексіз.

Қойлыбағандың «Ей» дейтін қарапты сөзі болатын. Бастапқыда түсінбей жүретінбіз, кейін оның «айналайын» деген сөздің баламасы екенін ұқтық. Қойлыбағанды «Ей» деп қалса елең ететінбіз. Магистратураны тәмамдап, Астанаға бет түзгенбіз. Елордалық Қойлыбағандың шәкірттері ұстазымыздың әңгімесін жанында жастардың оқиғасына қатысты басылымдарға біраз мақаласын жариялады.

Қойлыбағамыз облыстық «Замандас» жастар апталығында, «Орталық Қазақстан» газеттерінде тілші болған. Бертінде облыстық «Шипа-

кабак шытып, дауыс көтергенін көрмейсіз. Бірдене дұрыс болмаса, қазақтың көркем тілімен тереңнен тартып, «мақтамен бауыздай» салатын... Кейін ойланып, отырып қалушы едік.

Қойлыбай ағамыз бізге дәріс оқи жүріп, үнемі ізденіс үстінде жүретін. Ғылым мен ұстаздықты шебер ұштастырды. Ебіней Бөкетовке қатысты және Айттыс өнеріне қатысты зерттеулерін, толғамдарын бізге де айтып отыратын. Кейін «Айттыс өнерінің публицистикалық сипатына» қатысты докторлық диссертациясын сәтті қорғап шықты. Бұл еңбекті қазақтың қадым заманнан келе жатқан қасиетті өнеріне қатысты ең сүбелі және алғашқы зерттеулердің бірі болды деп білемін. Тоқтаусыз ізденістің арқасында ұстазымыз филология ғылымдарының докторы, профессор атағын алды.

«Жылымық жылдар жаңғырығы», «Е.А.Бөкетов – публицист», «Айттыс өнерінің публицистикалық сипаты», «Сөз өнері және журналистика» сынды еңбектері жарық көрді.

Қойлыбағанды 30 жылдық ұстаздық ғұмырында талай шәкірт оқытты, шәкірт ғана емес, маман мен адам тәрбиеледі. Ұлт руханиятына қолмақтасы қазына қосты, ұлттық идеологияға қызмет ететін жүздеген шәкіртті түлетті.

Егер де Арқа төсінен шыққан мемлекетшіл, ұлтқа жаны аштығын, елшіл-жершіл адам көрсеніз ұстазы – Қойлыбай Асанұлы десеніз қателеспейсіз.

Ержан ТӨЛЕК,
«Alatau-Aqparat» медиа холдингінің бас директоры



Жүрегінен шәкірттің орын тапқан...

«Қойлыбайдың шәкірттерінің осалы жоқ»

Өзімді «Ұстадан жолы болған» шәкірт санаймын. Қарашаның 9-санында білім алған жылдары ұстазымның ізгілігі, игі ісін, терең тәжірибесін, адамгершілікке жетелейтін кең болмысын бойға сіңірдім.



Замана үні, уақыт бейнесі...

– Айналайындар, менің аты-жөнім – Қойлыбай Асанов. «Шешендік өнерден» сабақ беремін. Киелі орда – ҚарУ-ге қош келдіңіздер! Арқаның даласындай жүректерің кең болса, «кем» болмайсыңдар! Кітап оқыған баланы жақсы көремін. Сендерге беретін алғашқы тапсырма – Ебіней Бөкетовтың «Атан қонында туған адам» шығармасы», – дегені әлі есімде.

Ауылдан қалаға келген бізге ҚарУ өте үлкен орда болып көрінді. Ойда «бұл жерде аға, көкеміз жоқ, тырмысып өмір сүрерміз» деген сенім ғана бар. Қарағанды суық әрі қатал қала болғанымен, ағай бізді өте жылы қарсы алды. Болмысы биік, тұлғалы профессордың дархандығына сол кезден тәңгі болдық. Кез келген әңгімесінің әлқиссасы «Айналайын, бала!» деумен басталатын. Не жекіп сөйлемейді, не дүрсе қойып, зекімдейді. Әйтеуір, реттілік бойынша бір күнде алты сабақ болса, ағайдың сабағын мұқият оқып, санаға сіңіріп, таң атқанша талдап келуші едік. Қазір ойлап отырса, ұстаздың шеберлігі сол екен. Шәкірттері айтқанын сөзсіз ұғынса, мақсат пен мүддені орындағаны ғой. Осылайша «Ұстаз» ұғымының мәнін жоғары оқу орнына келгенде терең сезіндік.

Шарапатын көрдік. Мақтан тұттық.

Адамзат қай кезеңде де ұстазға ерекше құрмет көрсетіп, пір тұтқан. Сондықтан, әрбір парасатты азаматтың білім теңізіне жетелеген ұстазын үлкен сағыныспен, құрметпен айтуы – заңды. Біздер ұстаздың алдына журналистиканың не екенін толық танымай барып, қоржын-қоржын біліммен, тың тәжірибемен қайттық. Бүгінде алған тәлімді ту қылып ұстап, жүрегіміз қалаған салада қызмет атқарып жүрміз. Бұл да бір бақ шығар.

«Айналайын, Аяулым бала!» деп еркелетіп қарсы алатын ағайым 60-тың асқарына келіпті. Атақ, абыройы асқақтап тұрған бүгінгі шақта, асқаралы жасқа жетсе де, алдынан алты жасар бала шықса, адамшылығынан айнымай, ізгілік көрсетер еді. Біздің ағай сондай адам.

Мен ұстазымды алтын дінгекке теңер едім. Ұлағатты өнегесі мен шуақты шарапаты талай шәкіртінің бойына тарайды.

Алғашқы редакторым, марқум Мағаш аға айтпақшы «Қойлыбайдың шәкірттерінің осалы жоқ».

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»
газетінің бөлім меңгерушісі

Шәкіртке қанат бітірген...

Қатарластарым сынды маған бірден студент атану бұйырмады. Университетке қабылдау сынағында сүріндім. Екінші жылы ақылы бөлімге қабылдандым. Сөйтін, журналистика мамандығына алғаш қадам жасалды. Бірақ ойымның бәрі филология мамандығына тегін оқуға ауысып алу.

Сабақ басталды. Бірінен кейін бірі ұстаздар дәріс оқып, журналистиканың алғышарттарын түсіндіруге кірісіп кеткен кез. Кезекті ұстаздың алдына келді. Қоңыр дауысты, мінезі салмақты, жүзі жылы ағай қарсы алды. Ол – Қойлыбай Асанов еді.

Әрқайсымызбен жеке танысып, болашаққа мақсатымызды сұрады. Маған кезек келгенде мамандық ауыстыратын жоспарымды жеткіздім. Қойлыбай ағай бұл ойымды құптамады. «Ұстаздық – әрине, абыройлы мамандық. Бірақ, әлемді шарлап, шартараптан ақпарат тарату екінің біріне бұйырмайды. Журналистикаға түсіп тұрып, одан бас тартқаның қалай болар екен? Тағы да ойлан. Жүреңді тыңда», – дегені әлі күнге есімде.

Осы бір ауыз сөз менің тағдырымды шешкендей. Бұл кеңес маған қанат бітіргендей, ерекше күш сыйлағандай әсер етті. Сенім ұялатты. Үйге асығып жетіп, ұстаздың ұсынысын анама жеткіздім. Осылайша, журналистика әлеміне «жолдама» алдым. Кейін ағайдың айтқаны тура келді. Әлемді армансыз араладым. Президент ПУЛ-ының құрамындағы санаулы журналист қатарында жүріп, жер-жаһаннан бұқараға ақпарат тараттым. Осы мамандығымның арқасында теңімді тауып, тұрмыс құрдым, бала сүйдім.

«Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген осы шығар?! Қойлыбай ағай мені ғылым жолына да жетеледі. Дипломдық жұмысыма жетекшілік етті. Ғылыми жұмыстың қыр-сырын меңгертті. Кейін магистратурада оқуға ықпал

етіп, диссертация қорғауда жетекшілік болды. Сөйтін жүріп ұстаздық қызметін ол ғылыммен ұштастыра білді. Зерттеуді, ізденісті Қойлыбай Асановтың докторлық жұмысынан үйрендім. Ағай ғылыми еңбегін қағазға қолмен жазды. Мен оны компьютерге тердім. Білім-біліктілігінің тереңдігін, таным-түйсігінің кендігін сонда аңғардым. Жұмыс үстелінде том-том кітаптар, сарғайған басылымдар, көптеген мұрағат құжаттары жататын еді. Қазақтың төл өнері – айтасқа деген жанашырлығын көрдім. Қажырлы еңбектің күәсі болдым.

Қазіргідей дүрбелең шақта шынайы ақпараттың маңызы күн сайын артып келеді. Оны сараптап, ерек жеткізетін маман – журналист. Ал орталықтан түлеп ұшқан БАҚ өкілдеріне ел аумағында сұраныс жоғары. Өйткені, журналистерді дайындайтын ұстаханамықты. Ондағы жауыңгер ұстаздардың еңбегі ерен. Арқа журналистикасының ұстазы Қойлыбай Асановтың болмысы бөлек. Ұлы Абайдың «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, жақсы мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық», – дегені есте. Қойлыбай ағайдың ұстанымы тап осылай әрі бізді де осы бағыттан айнымауға үйретті.

Қойлыбай ағай десе менің есіме «айналайын» сөзі қатар түседі. Қоңырау шалсам та, хатқа жауап алсам да, көріп қалсақ та ағайдың алғашқы сөзі «Айналайын, Асиа, амансың ба?» ... Сондай жылы. Өкелік, ағалық мейірім сезіледі... Мерейтойыңыз құтты болсын, Арқа журналистикасының ұстазы! Бізге төккен мейірім, шапағатыңыз өзіңізге еселеніп қайтып, өміріңізге сөзге төккіні!

Асиа НУРБАЙҚЫЗЫ,
«24 KZ» республикалық телеарнасының арнайы жобалар бөлімінің бас редакторы



Қойлыбай АСАН

Қой баққан қоңыр белде құлын ғұмыр... (Этнографиялық өлеңдер циклінен)

Қойлыбайдың қобызы

Мен туғанда жапан дала, жалғыз үй,
Қоңыр белден естіліпті, зарлы күй...
Бұл мекенде ғұмыр кешкен деседі,
Небір батыр, сөзге шешен арлы Би.

Шанырақтан шықпаса да шалқып ән,
Қайран әкем ат үстінде толқыған!
Ана әлдіні қуат беріп жаныма,
Жөргегімде жусан ісі аңқыған.

Қойлы ауылдың тіршілігі қоңыр күн,
Қоңыр үйде киесі бар Тәңірдің!
Керегенің іргесінен керімсал,
Сар даланың ұмытады сәнін кім.

Жастық қалды боз көделі белесте,
Өткен күндер, бұла дәурен – бәрі есте.
Көз жетпейтін кеңістікті бетке алып,
Өмір дейтін араластым егеске...

Туған жердің түсінгенге нұры құт,
Содан әркез сезуші едім жылылық,
Жалқы сәуле жүрегімде қалса егер,
Ол даламнан жұққан киесі, ұлылық.

Ұша бердім қанаттарым талғанша,
Үміт өшіп, азап шекті Ар қанша...
Ала құйын, арпалыспен күн өтті,
Сол киесен сынық сүйем қалғанша!

Мейірімсіз қара тастай кескіні,
Өтер-кетер бұл жалғанның бес күні...
Бақыт деген пенделердің күлкісі,
Өмір деген адамзаттың өксігі...

Күйін кешіп, күніренген жоқшының,
Соңына ердім Ақсұңқардай* жақсының!
Бірақ менде кереметі болған жоқ,
Қойлыбайдай құдіретті бақсының!

Қанша Ойшыл сарп етсе де ақылын,
Дүниенің кім болжаған ақырын...
Қобыз қылып, қолымдағы қаламды,
Өлеңменен жеткізейін Хақ үнін...

*Серік Ақсұңқарұлы – ақын,
Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері

Ошақ

Енді-енді қауыз жарған сайдың гүлі,
Жайлауға ерте көштің қайбір жылы.
Апанда қар жататын ерімеген,
Түн суық, бозымықтау айдың нұры.

Жалғыз үй жапандағы, ой қуалап...
Ойыншығы балалардың қой құмалақ.
Бауырына тығыламыз Анамыздың,
Жабықтан жалғыз көзді Ай сығалап.

Бала едік көңіліміз тоқ болатын,
Арманның көкке ұшырған ақ қанатын.
Ертемен Анам, біздер тоңбасын деп,
Сиярдың жапасымен от жағатын.

Ошақтың оты маздап, қозданатын,
Бой жылып, кез еді ғой мээ болатын.
Қараша үй түңілігін түрген кезде,
Қағатын көк жүзінде қаз қанатын.

Нәр алған ілкі заман ілімінен,
Ұрпақтың дәстүр жайлы білуі кем.

Жапанда жапа теріп, қиял кезіп,
Ошақтың өсіп едік жылуымен.

Көкте күн, жерде сәби күлімдеген,
Қарлығаш ұя салса ырым көрем...
Қой баққан, қоңыр белде құлын ғұмыр,
Жалғыздық, ой екен ғой – ілім деген.

Бұл тағдыр кез қылмады қай дауылға?!
Бір соқсам қайта айналып, қойлы ауылға.
Ошақтың қызуынан қуат алып,
Уақыт табар едім ойлануға...

Қайда екен, балалық шақ... баяғы әнім,
Өшірмей үмітімді аяла мұн...
Ошақтың маздап жанған отын аңсап,
Кей күні тәнім мұздап оянамын.

Ықтырма

«Ерте барсам жерімді жеп қоям деп,
Ықтырмамен күзекте отырар бай».

Абай

Бір тұяғы мен едім көшпендінің,
Әлі есімде күзекке көшкен күнім.
Кой айдадым, Құжалдың адырына,
Бұл да болса жігіт боп өскендігім.

Оң үштегі бозбала, бұла керім,
Сұрап мінгем әкемнің құлагерін.
Құба жонның үстінде, құрығына –
Хан Кенедей сүйеніп тұрады ерің!

Байтағымды Тәңірім құт қылғасын,
Құпиясын қалайша ұқтырмасын.
Күзекке кеп тіккенде қараша үйді,
Анам бірден құратын ықтырмасын.

«Қазағыңның құлыным данасы бол»,
дейтін Анам жан еді, тобасы мол.
Содан кейін есімде қалған сөзі:
«Ықтырмасы бар үйдің панасы мол».

Күздің желі үздікті сабаалаған,
Шекпен киген мөн бермес адам оған.
Кенже туған қозы-лақ бүрсен қағып,
Ықтырманың ық жағын паналаған.

Желі босап, жердің де сәні кетіп,
Қара бұлттар жөңкіді, төніп өтіп,
Соның бәрін сезгендей, Қуан дала –
Қулазиды дүниені тәрік етіп...

Күн қысқарып, уақыт түн ауғанша,
Есімде жоқ еріді қырау қанша.
Ықтырмамен күзекте отырушы ек,
Көбік қары Арқаның бір жауғанша.

Тура сөйлер табылмай, таза Биі,
Болмай тұр-ау Алаштың маза, күйі.
Күн батыстан... соққан жел, ойран салды,
Ықтырмасыз қалған соң қазақ үйі...

Қозы айыру

Таңғы ұйқының кім қисын тәттілігін,
Қозы бөліп, жаз дәурен өтті күнім.
Таң сәріде әкеміз, оятатын,
Сынға түсер күн сайын ептілігін.

«Құрғай, бөлек», – дауысымыз қырға кетіп,
Қозы айырдық, есейдік, тұлға бекіп.
Қой қайырған, момақан мұңсыз бала,
Ақын болды өзіңше жырға жетік.

Өмір жолы бұралаң, тайғақ екен,
Қалай ғана кез болдық жайға бөтен...
Қозы айырған кездерім еске түсіп,
Кейбір кезде тұңғық ойға кетем...

Самал желмен жарысып тел өкесін,
Қойлы ауылдың іздеймін елес көшің.
Көкек Ана көргенде күрсінемін,
Күресіңге тастаған нәрестесін.

Имансыздық кез қылып иірімді,
Неге Тәңір тарылттын пейілімді.
Маң далада маңырап қозы іздеген,
Болмадық-ау қой құрлы мейірімді.

Қозы айырып, жүгіріп жан ұшырған,
Әл-дәрменім айғайдан тауысылған.
Әлі күнге оянам кейде шошып,
Азан-қазан қойлардың дауысынан...

Ауыздық

Шілде ауып, қарсы алдық тамыз күнін,
Көкпар үшін қолайлы нағыз бүгін.
Айлы, тартпа, құйысқан бәрін қарап,
Күрең аттың салды әкем ауыздығын.

Қойшы ауылдың бірінде төмендегі,
Нәрестенің бесікке бөленгені,
Шілдехана тойына көкпар бермек,
Бала біткен бел буып елеңдеді.

Ер тұрманын тексеріп, үзгенгісін,
Әкем бүгін сынамақ күрең күшін.
Ауыздықпен алысқан күлігім-ай,
Сай болса ғой өзіңе мінер кісің!

Он төрт асқан ол кезде орен едім,
Атқа отырдым, мен болып сенер Ерін.
Алдымдағы екі ағам, жолын беріп,
Кезім келді! Білмеймін неге менің.

Балғын едім, әлсіздеу білек күшім,
Лүпілдейді дегенмен жүрек тұсым!
Әкем қалды сыйынып дұғасына,
Ұшырғандай қияға түлек құсың!

Шаңға көміп Арқаның шексіз белін,
Сол көкпарды қызықсыз өткізбедім.
Қалды есімде әйтеуір, күш сарқылып,
Қозы көш жер серкені жеткізгенім.

Көз алдымда көлбеңдеп сағым жалын,
Содан кейін күн өтіп ауырғаным...
Сандырақтап сөйлеппін «Ауыздық» деп,
Үрейленіп қарапты бауырларым.

Ел мен жердің өзгерді, сәні мүлде,
Марғау күнмен алыстап мәні бірге.
Алағеуім шақта мен «Ауыздықты»,
Неге айттым деп ойлаймын әлі күнге...

Адам бірге туған жоқ жауыздықпен,
Адалдықты жыр етті Абыз біткен...
Баяны жоқ, бейпіл сөз естігенде,
Келіп тұрад тоқтатқым... Ауыздықпен!

Итаяқ

Бала едік... шана тепкен тау басында,
Үйірміз аяқ асты дауласуға.
Жұмажан етек жақтан айғай салды:
«Қасқыр тұр Кәдірсіздің ауласында».

Ұлардай шуга басып, құйын перен,
Қасқырды деп келеміз бұрын көрем.
Малтығып күрте қарға, өкпе өшкен,
Қалайша ұмыттайын күнімді ерен!

Бөрінің ұлы мекен, даласы ұлық,
Адамға сыр бермейді, санасы ұлып.
Қанталап екі көзі оттай жанған,
Көк шулан темір торда аласұрып.

Қараймыз, қорқақтаймыз, ептеп анық,
«Апырым-ай» деп қоямыз неткен алып!
Сол кезде сезбепіз-ау, Көк бөрінің –
жүрегің тұрғандығын кекке малып.

Бас тартқан баһадүрдей сый табақтан,
Санамды көк бөрінің кейіпі оятқан.
Аш құрсақ қайран арлан қасарысып,
Жемеді ет берсе де итаяқтан.

О, Тоба! Қасқыр етті жемеді деп,
Басталды бос әңгіме дерегі жоқ.
Түйіні көбік сөздің былай болды:
«Бұл қасқыр қолға үйренбейді, өледі тек».

Ауылда бір қария кере қабақ,
Күреңің астындағы желе, сабап.
Келді де, болған гәпке көз жеткізіп,
«Әкендер үйден, – делі, төре табақ».

Табакқа етті салды үйемелеп,
Қазаққа ырым менен кие бөлек.
«Тектілер қолын салған ыдыс ед», – деп,
Шырылдап әйел байғұс күйе беред.

Дегенмен Ақсақалдан аса алмады,
Сонымен істі қара, хош алдағы:
Көк бөрі семіз етті қылғытқанда,
Таң қалып, қалың тымақ шошаңдады.

Запыран зарын ішкен заманадан,
Бөріге – қалың иттер абалаған.
Сол қасқыр аңыз болды ауылыма,
Жуынды итаяқтан жаламаған...

Тірлікте бәрін Тәңір хош көрген бе?!
Барамыз жылдар салып өскен жерге.
Көк бөрі көз алдыма елестейді,
Алдыма алтын табақ ас келгенде...



• ТАНЫМ

Ақтоғайдың пассионар тұлғалары

Ұлт руханиятында қай жағынан алғанда жоғарғы орында тұратын Тұлға аталатын ұғымға сай келетін Ақтоғайдың төл перзенттерінің ғұмыр жолы мен қалдырған баға жетпес мұрасы – шын мәнінде тек мақтап-мадақтауға ғана емес, зерттеп-зерделеуге тұрарлық мол қазына. Тұлға – ұлағаты терең және үлгі-өнегесі жойылмайтын ұғым. Ұлт тарихында есім-сойы өз дәуірімен бірге аталар, заманымен бір ұғым, бір құбылыс болып біте қайнасып кете беретін тарихи тұлғалар болатыны ақиқат.



ва, М.Хамзин, М.Ержанов және бүгінгі Д.Әркеновке дейінгі тағы басқалар.

5. Қазақ баспасөзінің тұңғыш редакторы, публицист Д.Сұлтангазин.

стерге жаны құштар адамдар», – деген Л.Гумилев пікірі біздің тұлғалар табиғатына сай келеді. Пассионарлық қауымдастықтар мен тұлғалар үшін мақсатқа жету өз өмірі мен тағдырынан анағұрлым маңызды және құнды. Оған мысалға үш Арысымызды айтсақ та жетеді. Бұл бір жағынан алғанда қазақи ұғымдағы ата-бабаның гендік тектілігін дәріптеуден туған «текті тұқым», «тегі жақсы», «қанына тартқан» деген секілді ұғымдармен астасып жатыр. Халық «жақсының арты жың болар», «жақсыдан жаман туар, бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туар, адам айтса нанғысыз» деген сияқты нақыл сөздерді босқа айтпаған да шығар. Ата-бабадан мирас болып келе жатқан тектілік ұғымын биосфера мен ғарыштан келетін биохимиялық энергиямен байланыстыра зерделеу қажет.

Гумилев анықтамасына жүгінсек, пассионарлық – галактика, жұлдыздардың әсерімен, табиғат пен тарихтың қилы дүмпулерімен қайталаным тұратын заңды құбылыс. Пассионарлар бойларында тасыған күш-қуатты, жүректеріңдегі жалын жігерді айнала төңірегін, келе-келе күллі қауым-жұртты өзгерту орайындағы мақсатты жұмысқа жұмсайды. Олай болса, пассионарларды қоғамдық қозғалыстың неғұрлым белсенді өкілдері, жанашылдар, жасампаздар десек те жарасады. Міне, біздің топырақтың даналары мен таланттары осындай жандар.

В.Вернадскийдің биогеохимиялық идеяларына сүйене отырып, Л.Гумилев пассионарларды сыртқы ортадан өзінің жеке қорғанысына қажеттен тыс қуат алуға туа бітті қабілеті бар және осы қуатты қоршаған ортаны өзгерту жолында мақсатты жұмысқа айналдыратын елден ерекше адамдар ретінде қарастырады. Сонымен қатар пассионарлардың айналдағы адамдардың мінез-құлқы мен психикасына белсенді ықпал ететінін айтқан. Адамдық ұжымдар этногенділігін өзгермелілігін этногенез фазалары бойынша зерттей отырып, жекелеген пассионарлардың белгілерін сипаттай келе, Л.Гумилев әр дәуірде мұндай тұлғалардың пайда болу жиілігі этникалық жүйенің жалпы белсенділігімен байланысты екендігіне тоқталады. Бұл ендеше жоғарыда айтылған Досбол би мен Құлжанбек болыстың сөзіне нақты дәлел.

Олай болса Қазауысты Қазыбек би бабамыз қалың Қаракесекті Үш Қазылық – Қарқаралы-Кент-Қызыларайға әкеліп орналастырғанда, В.Вернадский жазып жобалаған, Л.Гумилев ғылыми дәлелдеген ғарыштан келетін биохимиялық энергияның ерекше әсері Ақтоғай топырағында тарихи аса дарынды да талантты пассионар тұлғалар шығаратынын данышпандықпен білген демесе амалымыз жоқ. Қараменде бабамыз Семейдегі қалың Тобықтыдан жырыла көшіп, Дадан Тобықтыны Тоқырауын арнасына орналастыруын кездейсоқ оқиға дей алмақ керек. Ол да жеке пассионарлық тұлға ретінде өз ұрпақтарының ертен тарихнасына шығуына туған жеріміздің қадір-қасиеті, ғарыш әлемі мен

биосфераның қуат күшін дәл болжай білгендігіне қайран қалмасқа болмас.

Әрі-беріден соң әлемде жоқ, ғалымдар таң қалатын Ақтоғайдың Ақбидайының бірнеше түрінің тек Тоқырауын арнасында өсуінің өзін осы ғарыштан келетін күшті биохимиялық энергия мен биосфераның әсері деп ойлауға негіз бар.

Қалай дегенмен де Ақбидай, Бесбас бидай, Қожабидай, Ақбидай бидай тәрізді ерекше дақыл түрлерінің тек Тоқырауын арнасында өсуі – осы ғарыш әлемінен келетін биохимиялық энергияның ықпалы дер едік. Жаңа пассионарлық деген латынша құмарлық, құштарлық дедік қой. Сол жаңалық ашуға деген құштарлық қарпайым ғана агроном маман Омаш Байжасаровтың бір сабақтан бес масақ шығатын бидай түрін шығаруына туған жердің қасиетті топырағы мен суына ғарыш әлемінің төккен нұры себеп болған демесе болмас. Бұл турасында 2021 жылы қайталаным тұратын заңды құбылыс. Пассионарлар бойларында тасыған күш-қуатты, жүректеріңдегі жалын жігерді айнала төңірегін, келе-келе күллі қауым-жұртты өзгерту орайындағы мақсатты жұмысқа жұмсайды. Олай болса, пассионарларды қоғамдық қозғалыстың неғұрлым белсенді өкілдері, жанашылдар, жасампаздар десек те жарасады. Міне, біздің топырақтың даналары мен таланттары осындай жандар.

В.Вернадскийдің биогеохимиялық идеяларына сүйене отырып, Л.Гумилев пассионарларды сыртқы ортадан өзінің жеке қорғанысына қажеттен тыс қуат алуға туа бітті қабілеті бар және осы қуатты қоршаған ортаны өзгерту жолында мақсатты жұмысқа айналдыратын елден ерекше адамдар ретінде қарастырады. Сонымен қатар пассионарлардың айналдағы адамдардың мінез-құлқы мен психикасына белсенді ықпал ететінін айтқан. Адамдық ұжымдар этногенділігін өзгермелілігін этногенез фазалары бойынша зерттей отырып, жекелеген пассионарлардың белгілерін сипаттай келе, Л.Гумилев әр дәуірде мұндай тұлғалардың пайда болу жиілігі этникалық жүйенің жалпы белсенділігімен байланысты екендігіне тоқталады. Бұл ендеше жоғарыда айтылған Досбол би мен Құлжанбек болыстың сөзіне нақты дәлел.

Олай болса Қазауысты Қазыбек би бабамыз қалың Қаракесекті Үш Қазылық – Қарқаралы-Кент-Қызыларайға әкеліп орналастырғанда, В.Вернадский жазып жобалаған, Л.Гумилев ғылыми дәлелдеген ғарыштан келетін биохимиялық энергияның ерекше әсері Ақтоғай топырағында тарихи аса дарынды да талантты пассионар тұлғалар шығаратынын данышпандықпен білген демесе амалымыз жоқ. Қараменде бабамыз Семейдегі қалың Тобықтыдан жырыла көшіп, Дадан Тобықтыны Тоқырауын арнасына орналастыруын кездейсоқ оқиға дей алмақ керек. Ол да жеке пассионарлық тұлға ретінде өз ұрпақтарының ертен тарихнасына шығуына туған жеріміздің қадір-қасиеті, ғарыш әлемі мен

Жандос СМАҒҰЛОВ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында: «Қазіргі өркениетті мемлекеттердің барлығы дерлік шоктығы биік тарихи тұлғаларымен мақтана алады. Олардың қатарында саясаткерлер, мемлекет және қоғам қайраткерлері, қолбасшылар, ақын-жазушылар, өнер және мәдениет майталмандары бар. Қазақ жұрты да біртуар перзенттерден кенде емес. Солардың ішінде Абайдың орны ерекше. Бірақ біз ұлы ойшылымды жаһан жұртына лайықты деңгейде таныта алмай келеміз» деген болатын. Осы айтылғандай, біз де алтын бесік Ақтоғайдың, Тоқырауынның қасиетті арнасынан шыққан қайталанбас біртуар тұлғаларымыздың бар болмыс-бітімін толықтай зерттеп-зерделей алмай келеміз.

Абайтану ілімінде Семейдің Шыңғыстауын «Ұлылар мекені» деп атайтын пікір қалыптасты. Оған негіз болып отырған Абай және оның ақын шәкірттері, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов секілді тұлғалардың шығуы екені анық. Ендеше біз де Ақтоғайдың қасиетті топырағы, Тоқырауынның киелі суы бар атамекенімізбен және ұлт тарихында төрден орын алған ұлы тұлғаларымызды құрмет тұтамыз. Салыстырмалы тұрғыдан алғанда бұл орынды да.

Сыр бойының тумасы Досбол шешен ел аралап жүрген бір сапарында жолы біздің осы Сарым еліне түсіпті. «Сырт көз – сын-

шы» деген ғой, сонда елмен жа-та-жастана танысып-біліскен соң қайтарында біздің елге:

Тұяқтысын семіртгіп,
Құл-құтанын сөйлетіп
Би қылатын жер екен,
Ағаштарын әсемдеп,
Ұй қылатын жер екен.
Алпыстағы кемпірін,
Қыз қылатын жер екен, – деп баға беріпті.

«Елің, жерің жаман» деу былай тұрсын, «итің нашар екен» дегенге бола намыстанатын қазақ емеспіз бе? Қалай дегенмен де бұрынғы да, қазір де Ақтоғайдың ел-жұрты, ұрпағы намыс тұтағындай кемдіктің болмағаны анық. «Кәрсөн» руының «Қозы-бақ» атасының сөз біледі деген Иманбай атты бай да беделді бір адамы атақты Керней Құлжанбек болыстан:

– Бізде ел жақсысы кімдер болады? – деп сұрапты. Сонда Құлжанбек болыс еш ойланбастан:

– Ол – Сарым елі, – депті. Иманбек өркеуде, тентек мінезді адам болса керек, бұған бірден ашу шақырады да:

– Қалайша Сарымдар жақсы болмақшы? – деп келісе қоймапты. Сонда Құлжанбек болыс айтты:

– Оған үш бірдей айтарым бар. Біріншіден, Майқы баласы қонсыны көп қондырады, іштеріне келген Тобықты, Табын, Қожа, Алшын, Керей баласын бөлектемеді, әрқайсысын тайпа ел қылып, өз билігін өзіне берді.

Екіншіден, біздің ел мына шөлден жайлауға Наршөккенге көшкенде жолда Талды мен Нұрада отырған Сарым елі жері үстіне барып қонамыз. Сонда «мұның қалай?» демеңді, «қашан көшесің?» демеңді, көшкен күні жылап айырылысамыз. Ал әрі «Қызылтау» барып қонғанда Қояншы-Тағай ағамыздың балалары қолына бір-бір сойыл алып, жылқыға күн туғызбайды, тез арада көшкенше малға маза бермейді.

Үшіншіден, Майқының артықшылығы «бізде де қожа бар, сізде де қожа бар, соларды біз не істедік? Біздер ұры еттік, сіздер жыңды еттіңіздер. Ал Майқы баласы елін иманға ұйытып, баласын жоқандан оқытып отыр» деген баға беріпті.

Міне сырт ел осылай бағалаған елімізден шыққан ұлы тұлғаларды тек санамаппақ қана тоқталайық.

1. Ұлт тағдыры үшін күрескен тұлғалар: Ә.Бөкейхан, Ә.Ермеков, Ақбайдың Жақыбы.

2. Ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен би-шешендер: Шабанбай би, Қараменде баба, Сана би, Күзембай би.

3. Ел қорғаны болған батырлар: Жидебай батыр, Жалаңтос батыр, Ағыбай батыр, бүкіл Сарымды бастап Кенесары-Наурызбай көтерілісіне қосылған ұлттан Құлдайменде Ғазин мен Бабеке батыр.

4. Әдебиет пен өнер санлақтары: Ә.Найманбаев, Н.Орманбетұлы, Шашубай ақын, Кенішбай ақын, Акқыз күйші, К.Байсейіто-

Енді бұларға ғалымдар мен мемлекет қайраткерлерін қоссақ, ұзақ тізім жасауға болар еді. Оны бәрі біледі, сондықтан тоқталып жатпаймыз.

Міне, осындай ұлы тұлғалар шоғырының бір ғана Ақтоғай топырағынан шығып, ұлт тарихынан орын алу себебі неде? Ол – Пассионарлық! Пассионарлық латынша passio, французша passion – құмарлық, құштарлық деген ұғымды білдіреді. Ғалым Л.Гумилевтің тұлғалар көп шығатын этностың пайда болу үдерісін түсіндіруде белгілі бір аймақта ғана аса дарынды да талантты тұлғалардың шығатынын дәлелдеу үшін енгізген ұғым, оның «Этногенез және Жер биосферасы» атты әлем мойындаған теориясындағы негізгі термин.

Л.Гумилевтің дәлелдеуі бойынша, аса қабілетті этнос өкілдерінің қалыптасуы ғалым В.Вернадский ашқан ғарыштан келетін күшті энергетикалық түрткі – биохимиялық энергияның нәтижесінде өтеді. Осы түрткі топқа, қауымдастыққа, жеке тұлғаларға артық энергия береді – ол пассионарлық деп аталады. Міне, осы энергиямен қамтылған ру қауымдастығы мен жеке тұлғалар ерекше қабілетті және белсенді болады, олар алдарына қойған мақсаттарына міндетті түрде жетуге ұмтылады. «Пассионарлар өзін тек белгілі бір мақсатқа жұмсайды, тіпті бар ғұмырын тек соған ғана арнауы мүмкін. Пассионарлар жаңғыру мен өзгері-

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Құқықты шектеуге жол берілмейді

Әлеуметтік кодекске сәйкес мүгедектігі бар адамдар әділ қоғам құру, теңдік және әлеуметтік қорғау саласында адам құқықтарын шектеуге жол бермеу қағидаты бойынша мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етіледі.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегіне, бүгінде елімізде мүгедектігі бар 732 мың адам тұрады. Бұл халықтың жалпы санының 3,6%-ын құрайды. Оның ішінде, 57%-ы еңбекке қабілетті жастағы адамдар, 27%-ы зейнеткерлік жаста және 15%-ы балалар. Аурулардың нозологиялық формаларының құрылымы бойынша 18 жастан асқан

адамдар арасында психикалық бұзылулар, қан айналымы жүйесінің аурулары, барлық жарақат түрі басым. Ал, балалар мүгедектігі бойынша жүйке жүйесінің аурулары, туа біткен ақаулар және психикалық бұзылулар көбірек кездеседі. Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қамсыздандыруға арналған шығыстар базалық және міндетті деңгейде жүзеге асыры-

лады. Республикалық бюджеттен және мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жалпы шығыстар жыл сайын шамамен 22%-ға ұлғайтылып келеді. Биыл ол 748,5 млрд теңгені құрады.

Министрлікте мәлімдегендей, кешенді талдау-болжамдау, ғылыми-зерттеу және әдістемелік жұмысты жүргізу мақсатында Әлеуметтік саланы дамытудың ұлттық ғылыми орталығын трансформациялау басталды. Қоғам дамуындағы жаңа трендтерді ескере отырып, әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби даярлық деңгейіне, олардың дағдылары мен құзыреттеріне

қойылатын талаптар күшейтілуде. Әлеуметтік қызметкерлердің біліктілік деңгейлері бойынша білім беру модульдері әзірленді. Өңірлік деңгейде салалық білімі жоқ әлеуметтік қызметкерлерді қысқа мерзімді оқыту үшін әлеуметтік жұмыс бойынша кафедралары бар еліміздің 14 жоғары оқу орнымен меморандумдар жасалды. Сондай-ақ skills.enbek алаңында оқыту жүргізілуде. Әлеуметтік қызметкерлер бойынша 8 деңгейді көздейтін кәсіптік стандарттар бекітілді.

Ұлттық ғылыми орталық базасында арнаулы әлеуметтік қызметкер көрсету саласындағы кәсіби

біліктілікті тану орталығы құрылды. Жүйелеу және есепке алу үшін әлеуметтік қызметкерлердің тізімі жасалды. Бүгінде 12 704 әлеуметтік қызметкердің 9 568-і оқудан өтіп, 7 537 адам сертификат алды.

Осы орайда мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту мәселесі туралы айтып өткен жөн. Биылғы I қарашадағы жағдай бойынша 148 мың адам немесе жұмысқа қабілетті халықтың 39%-ы жұмыспен қамтамасыз етілген. Жұмыспен қамту салалары бойынша жетекші орындарда ғылыми қызмет, мемлекеттік басқару, білім және сауда, денсаулық сақтау са-

ласы. Мамандығы бойынша мүгедектігі бар адамдардың 21%-ы кәсіби маман, 19%-ы – біліктілігі жоқ жұмысшы, 13%-ы – техник-мамандар, 11%-дан басшылар мен мемлекеттік қызметшілер.

Аймақта 55 мыңнан астам мүгедектігі бар адам тіркелген. Олардың 22 мыңнан астамы жұмыс істеуге қабілетті. Дерек бойынша бүгінде 11 мыңы еңбек етіп жүр. Биылғы жылдың өзінде мыңнан астам тұрақты жұмыс тапты. Қалған мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту – шешімін күткен әлеуметтік мәселелердің бірі.

Өз тілішімізден

• РЕСМИ

Аудит бұрмалаудың алдын алады

Жыл сайын Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті нақты уақыт режимінде жылдық қаржылық есептілік бекітілгенге дейін аудит жүргізеді. Бүгінде аудиттің бұл түрі қоғамның мемлекетке деген сенімін қалыптастырудың алғышарттарын жасайтын қаржылық бақылау құралдарының бірі.



Сурет ашық дереккөзден

Аудиторлық тексеру нәтижелері бойынша Қаржы министрлігі сенімді қаржылық есептілікті алады. Яғни, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржылық жағдайы туралы толық ақпаратпен қамтамасыз етіледі. Облыстық бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігінде көрсетілген деректердің сенімділігін қамтамасыз ету бойынша айтарлықтай жұмыстар атқарылғанын айту керек. Мәселен, нақты уақыт режимінде 2023 жылғы тамыздан 2024 жылғы наурызға дейін бюджеттік бағдарламалардың 4 әкімшісі және олардың ведомстволық бағынысты мекемелері бойынша қаржылық

есептілікке аудит жүргізілді. Олар Балқаш қаласының білім бөлімі, құрылыс бөлімі, экономика және қаржы бөлімі. Сондай-ақ, Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы да бар.

Аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламалар әкімшілері активтерінің жалпы сомасы – 7,3 млрд теңге. Бұл облыстық бюджет балансы валютасының 0,9%-ы.

Бұдан басқа, ведомстволық бағынысты мекемелер бойынша қарсы тексерулер жүргізілді. Баланс валютасы – 3,2 млрд теңге.

Аудит барысында 276,2 млн теңге сомасына бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілікті жасау тәртібінің бұ-

зылуы анықталды. Оның ішінде, 46,8 млн теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды. Бұл жалпы бұзушылықтардың 17%-ы. Сондай-ақ, 229,4 млн теңге сомасына рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды. Анықталған бұзушылықтардың 8,5 млн теңгесі өтелуге және 38,2 млн теңгесі қалпына келтіруге жатады. Аудит қорытындысы бойынша қабылданған шаралар нәтижесінде бюджет кірісіне өтелді және есепке алу бойынша толық қалпына келтірілді.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктер активтерді көрсетпеу, дұрыс жіктемеу, бухгалтерлік есепте операцияларды уақытылы

көрсетпеу, дебиторлық берешекті қайтару бойынша шаралар қолданбау салдарынан жіберілген.

Бұл жағдай әкімшілердің басқару есебін толық жүргізбейтіндігін көрсетеді. Ол мекемелер мен ұйымдардың қаржылық-экономикалық жағдайын талдау, қолда бар ресурстарды сапалы бөлуді жоспарлау болмаған кезде көрінеді. Сондай-ақ, шығыстарды оңтайландыру және тиімсіз шығындарға жол бермеу, қаржылық көрсеткіштерді жақсарту тиісті түрде жүзеге асырылмайды.

Мемлекеттік органдар жүргізетін активтерді түгендеу негізінен формалды болып табылады, өйткені аудит барысында белгіленген кейбір ауытқуларды сапалы түгендеу кезінде анықтауға және алдын алуға болады.

Қаржылық тәртіптің төмен болуының бірден-бір себебі – әкімшілердің ішкі бақылау жүйесінің дұрыс болмауы.

Аудит барысында жылдық қаржылық есептілік бекітілгенге дейін 229,4 млн теңгеге ауытқулар жойылды және сәйкестендірілді. Дер кезінде қабылданған шаралар төрт әкімші бойынша қаржылық есептіліктегі елеулі бұрмаланудың алдын алуға және лауазымды тұлғаларға әкімшілік жүктемені төмендетуге ықпал етті.

Қарағанды облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті

• БАЙҚАУ

Ұстаздар бақ сынады

Теміртау қаласына «Жыл мұғалімі – 2024» қалалық педагогикалық шеберлік байқауының жеңімпазы анықталды. Кәсіби шеберлік таразыланған байқаудың ақтық мәресінде қала мектептерінен келген сегіз педагог өзара мықтыны анықтады.



Сурет ашық дереккөзден

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Педагогтар үш кезеңде сынға түсті. Бұл – «Мұғалімнің визит карточкасы», «Таратуға тұрарлық педагогикалық идея» тақырыбында ораторлық шеберлікті көрсету және «Мұғалімнің жексенбі күні» бейнелейтін үй тапсырмасы. Сайыстарда педагогтар дәстүрлі қатал ұстаз бейнесінен шығып, мұғалімнің алдымен жарқын тұлға екенін көрсетті.

Байқау қорытындысында бас жүлдені дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Жандос Сембаев жеңіп алып, облыстық кезеңге

жолдама алды. 100 мың теңгелік ақшалай сертификаттар байқаудың барлық жүлдегерлеріне табылды.

– Ұстаз болашақтың іргетасын қалайды. Өйткені, оқушының есейіп, кейін маман болып қалыптасуы көп жағдайда оқытушыға байланысты. Мұғалім үйренуден, оқудан жалықпауы тиіс. Бұл байқау – жай ғана жарыс емес, педагогикалық шеберлік пен шабыттың нағыз мерекесі, – дейді Жандос Сембаев.

ТЕМІРТАУ

• ДЕНСАУЛЫҚ

Тұмау асқынбасын десеніз...

Қарағанды облысында эпидемиологиялық маусым басталғаннан бері, яғни, қазан айының басынан жедел респираторлық вирус инфекциясымен 16 289 адам ауырды. Оның ішінде, 14 жасқа дейінгі балалардың үлесі – 56%. Бүгінгі күні 14 жасқа дейінгі балалар арасында тұмаудың (A1) зертханалық расталған 1 жағдайы тіркелді.

Тұмаудан басқа, аймақта тұмау емес вирустар бар. Олардың үлес салмағы зерттелген 254 сынама-ның 33%-ын құрады. Негізінен риновирус – 15%, аденовирус – 3,5%, респираторлық-синцициальды вирус – 2,7% және парагрипп 4,7% көлемінде анықталды.

Тұмау – ауа тамшылары арқылы берілетін жедел вирустық ауру. Тұмау вирустарына барлық жастағы адамдар сезімтал. Бұл ауру өте жұқпалы және кей кезде эпидемия немесе пандемия сипатына ие болады. Тұмау пневмония, бронхит сияқты қауіпті асқынуларды, жүректің, бүйректің, мидың және басқа ағзалардың зақымдануына алып келуі мүмкін.

Тұмаудың алдын алудың жалғыз сенімді әдісі – халықты эпидемияға дейінгі кезеңде жыл сайын жүргізілетін вакцинация-

лау. Қазіргі уақытта облыс бойынша тұмауға қарсы барлығы 148 820 адам егілді. Бұл облыс халқының 12,4%-ын құрайды, оның ішінде, ақылы негізде және жұмыс берушілердің қаражаты есебінен 2137 адам егілді. Қазанда басталған екпе жұмысы осы айдың соңына дейін жалғасады.

Тұмау мен ЖРВИ алдын алудың негізгі шараларының бірі – адамдар көп жиналатын жерлерде, әсіресе, жабық үй-жайларда болу уақытын шектеу. Ондай орындарда маска пайдаланған жөн. Мүмкін болса, түшкіру немесе жөтелу сияқты ауру белгілері бар адамдармен байланысты шектеу. Жетел этикетін сақтау, яғни, жөтелгенде, түшкіргенде аузы мен мұрнын орамалмен жабу қажет. Қолды сабынмен жиі, әрі мұқият жуу немесе



Сурет ашық дереккөзден

дымқыл гигиеналық және дезинфекциялық құралдармен тазартып отырған дұрыс. Құрамында С дәрумені бар тағамдарды мүмкіндігінше көп тұтыну да вирустардан қорғануға ықпал етеді. Ауру белгілері байқала бастаған кезде өз-өзіңізді емдеуге тырыспаңыз.

Уақытылы медициналық көмекке жүгіну маңызды.

Гүлжан БАЙГУТАНОВА,
облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2024 жылдың 20 қарашасынан бастап, «Қарағандытүстімет» ОБ Пришахтинск автобазасының трактор бокс ғимаратын күрделі жөндеу» жобасы бойынша қоғамдық

талқылау форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Ықпал ету аумағы: Қарағанды облысы, Қарағанды қ. (Пришахтинск), учаскенің географиялық координаты:

Бұрыштық нүктелер	Бұрыштық нүктелердің координаттары					
	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	49	52	54.14	73	4	3.09
2	49	52	55.45	73	4	5.69
3	49	52	53.26	73	4	6.58
4	49	52	52.55	73	4	4.75

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС: 05014000656. Өкілі: А.С.Аманкелдина, тел. 8(7212) 957401.

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты. БСН: 060641009902. Өкілі: Чашина Ж.Ю., тел. 8 (7172) 557672, эл. мекенжайы: Zhanna.Chashina@kazakhmys.kz

Жоба материалдары ecorportal.kz сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар

беру үшін оларды орналастырған күннен бастап <https://ecorportal.kz> сілтеме бойынша 5 жұмыс күні ішінде қолжетімді болады.

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, жария талқылаулар жүргізуді, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Zhanna.Chashina@kazakhmys.kz электрондық пошта және 8 (7172) 557672 телефон нөмері арқылы сұратуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Корпорация Казахмыс», соообщает, что проводит общественные слушания в формате публичных обсуждений по проекту «Капитальный ремонт здания тракторного бокса Пришахтин-

ской автобазы ПО «Қарағандытүстімет» с 20 ноября 2024 года. Территория воздействия: Карагандинская область, г.Қарағанды (Пришахтинск), географические координаты участка:

Угловые точки	Координаты угловых точек					
	Северная широта			Восточная долгота		
	Гр.	Мин.	Сек.	Гр.	Мин.	Сек.
1	49	52	54.14	73	4	3.09
2	49	52	55.45	73	4	5.69
3	49	52	53.26	73	4	6.58
4	49	52	52.55	73	4	4.75

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН: 05014000656. Представитель: Аманкелдина А.С., тел.: 8(7212) 957401.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН: 060641009902. Представитель: Чашина Ж.Ю., тел. 8 (7172) 557672, эл. адрес: Zhanna.Chashina@kazakhmys.kz

Материалы проекта размещены на сайте ecorportal.kz и будут

доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 5 рабочих дней по ссылке <https://ecorportal.kz>.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении публичных обсуждений, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Zhanna.Chashina@kazakhmys.kz и номеру телефона 8 (7172) 557672.

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 0,900 % участников КТ. Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или ее части при ее продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: г. Караганда, ул. Сатыбалдина, д.29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412, 87003363739

№300

Қарағанды Шинсервис
«Алтайский шинный комбинат» ААҚ
«Росава» ЖАҚ
«Матадор» ЖАҚ

Арнайы диллер

ШИНАЛАР

• жеңіл автокөліктер үшін
• жеңіл жүз көліктер үшін
• тракторлар және ауыл шаруашылығы техникалары үшін
• арнайы техникалары үшін

ЕВ АРАҢ ШИНАЛАР
САТПАЙМЫЗ,
ЕВ АРАҢАУ БАҒАҒА
САТАМЫЗ

Қарағанды қ. қойма: Асфальттың көш., 22, дүкен: Бытовая көш., 14/1
тел. 8 707 80 35 800

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fink.kar@minfin.gov.kz

д

Қарағанды облысының әкімдігі облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Тайхан Сейтмаханович Калмахановқа орны толмас ауыр қаза – әкесі **Сейтмахан Калмахановтың** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

6 қарашада академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің аға бухгалтері **Зинаида Аманжолқызы СЕРІКОВА** дүниеден озды. Университет ұжымы марқұмның туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

д

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

д

• КИНОИНДУСТРИЯ

Өмірді бейнелеген өнер

Қарағандыда Қазақстан киносының күндері өтті. Экран жүлдызына айналған белгілі актерлер мен режиссерлер қадірменді мейман болып, көрерменмен сұхбаттасты. Сонымен қатар, «Дос-Мұқасан», «Паралимпиец» фильмдерімен бірге «Хирург», «Операция Набат», «Жамбыл. Жаңа дәуір» фильмдері көрсетілді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құрметті меймандар әуелі облыстық «Сауағарқа» телеарнасының «Сәлем, Қарағанды!» атты таңғы бағдарламасына қатысып, өңір халқына шығармашылықтары турасында айтты. Содан кейін, «Жаңа Майқұдық» мәдениет үйіндегі «Хирург» фильмінің көрсетіліміне көрермендермен бірге қатысты.

«Сарыжайлау» кинотеатры болса, қонақтарды қызыл кілем жайып қарсы алды. Жиын залында өңір журналистерімен сұхбат ұйымдастырылды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның Халық әртісі, С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған казак музыкалық драма театрының актері Досжан Жанботаев, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Халық әртісі, Сәкен Сейфуллин атындағы облыстық академиялық казак драма театрының актері Кенес Жұмабеков, «Паралимпиец» фильмінің режиссері Алдияр Байрақимов, «Паралимпиец» фильмінің актері Жалғас Жанғазин, «Хирург»

фильмінің актері Шыңғыс Капин сауалдарға жауап берді. Меймандардың қатарында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, облысымыздың Құрметті азаматы Рымбала Омарбекова да бар. Рымбала Омарбекова Қарағандыдағы Қазақстан киносы күндерін алғаш болып ұйымдастырғанын атап өткен жөн. Содан бері үрдіс үзілген жоқ.

– Қазақстан киносы күндерінің басталуымен шын жүректен құттықтаймын! Кино сүйер



жұрт үшін мұндай қуанышты сәттер күнде бола бермейді. Кино – түсініген адам үшін күрделі һәм бағалы өнер. Кино арқылы тарихты, адамның жан дүниесін, болашақты жеткізуге болады. Кино арқылы ұрпақ тәрбиелейміз. Сол себепті де мағыналы киноның көрсетілімінен қалмаған дұрыс. Баршаңызға сәттілік тілеймін! – деді Рымбала Омарбекова.

Сауалдардың басым бөлігі «Жамбыл. Жаңа дәуір» фильміне қатысты болды. Жамбыл Жабаевтың образын Қазақстанның Халық әртісі Досжан Жанботаев сомдады. Ол тарихи тұлғаны сомдау

онайға соқпағанын айтты.

– Жамбыл Жабаев туралы ел арасында түрлі әңгіме бар. Тарихи деректер де аз емес. Образын сомдаймын деп белді бекем буганнан кейін бейнетті ізденіске түстім. Кітаптар мен деректерді оқу бір басқа, жаныңның назарын сол образға бұру – қиынның қиыны. Бір кезеңде қазақтың мәдениеті жұтап қалған. Яғни, ел ішіндегі өнерпазы сахнаға шыға алмай, «Қазаққа мәдениет болмаған» деген әңгімелер отарлаушы жұрттың тарапынан айтыла бастаған. Бірақ, Жамбыл Жабаевты Алаш қайраткерлері Мәскеу сахнасына

апарғанда, көздері Батыс мәдениетінен басқа ештеңені көрмеген жұрт таң қалған. Жамбыл Жабаев – казак жырына, мәдениетіне таудай үлес қосқан тұлға, – деді Досжан Жанботаев.

«Паралимпиец» туындысының режиссері Алдияр Байрақимов бүгінгі таңда спортқа бет бұрып, ел абыройын жаһандық аренада асқартатып жүрген мүмкіндігі шектеулі жандар лайықты бағасын алмай жүргенін айтты.

– Мұндай тақырыптағы фильм Қазақстанда бұрын-соңды түсірілмеген. Менің кейіпкерім өмірден өз орнын таба алмай жүрген талай адамға жігер береді деп сенемін. Дені сау бола тұра, ешқандай мақсатқа ұмтылмайтын адамдар бар. Міне, соларға үн қатқым келеді. Бұл туындымының өз көрермені бар деп сенемін, – деді Алдияр Байрақимов.

Сұхбат алаңындағы аз-кем әңгімеден кейін кино залына барды. Кинотеатр директоры Саят Әбдіғали меймандарға гүл шоқтары мен бағалы сыйлықтарды табыстап, құрмет көрсетті.

«Жамбыл. Жаңа дәуір» фильмінің тамашалауға студенттен бастап, еңкейген қарияға дейін келді. Залда ине шаншар орын болған жоқ.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

• БӘРЕКЕЛДІ!

«Домбыра, сенде мін бар ма?!»



Қарағандылық домбырашылар ансамблі Ташкент қаласында өткен «Жұлдыз АРТ» халықаралық байқауының жеңімпазы атанды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жеке аспаптар бойынша домбырада өнер көрсеткен Рахатали Сләмбек және Нұрсұлы Мұхтарұлы бас жүлдені иеленді. Назым Серікқали 1 орын жеңімпазы деп танылды. Ал, Нұрдия Балташ

жетіген аспабында халық күйі «Кербез қызды» орындап, 1 орынды жеңіп алды.

– Оқушылардың домбыра, жетіген аспаптары бойынша ұстазымын. «Асыл мұра» мектебі сәуір айынан жұмысын бастағанынан қазіргі таңда 40 шақты бала

ақылы түрде білім алуда. Мектеп ұлттық құндылықтарды дәріптеп, жеткіншектерге ұлттық аспаптарды меңгеру арқылы, қазақи тәрбие беруді көздейді. Әр отбасында ұлттық аспабымыздың үні шығып тұрса, нұр үстіне нұр, – деп атап өтті «Асыл мұра» домбыра мектебінің негізін қалаушы Жазира Омарова.

Сурет ұйымдастырушылардан

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Қаллеки театры шақырады

Астаналық Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театры Қарағанды қаласына гастрольдік сапармен келеді. Бұл жолы театр қоржынында Оралхан Бөкейдің «Ұйықпай келмейді» драмасы бар.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көптің есінде болса, бұл бір түстен басталар оқиға. Кірішкісіз ләк сезімнің өрбуі, тәтті сезімнің кенеттен көлеңкеленуі барлығы осы бір қойылым аясында тарқайды. Режиссер Бәзіл Сұлтанғазы әр адамның басынан өткерген алғашқы сезім шұақтарын ерекше етіп көрсетеді. Қойылым 23 қараша күні сағат 14:00-де С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық казак драма театрында өтеді. Ал, бұдан кейін театр сүйер көрермендерді «Кешкі 7» спектакль-концертті күтеді.



• ПРЕМЬЕРА

Ересектерге арналған ертегі

К.Станиславский атындағы театрда «Үш апельсинге деген махаббат» спектаклінің премьерасы өтпек. Ересектерге арналған ертегінің басты кейіпкерлері – дель арте комедиасындағы Маска кейіпкерлері.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қойылым орыс театр және кино актері Леонид Филатовтың сатиралық шығармасына негізделген. Спектакльдің қоюшы режиссері және К.Станиславский атындағы театрдың көркемдік жетекшісі Рача Махатаевтың айтуынша, бұл қойылымның таңдалуы кездейсоқ емес.

– Мен мұнда бір жыл бұрын келгенімде көп жанрлы театр құру идеясы болды. Яғни, труппа бір маусымда әртүрлі жанрларда өнер көрсете алады. Біз «Алтын



бұлт түнеді» пьесасын, «7» деректі пьесасын, «Табысты орын» классикалық драмасын қойдық. Енді бағытты мүлдем басқа арнаға, яғни, маскадағы актерді өткір және динамикалық тіршілігіне айналдыратын кез келді. Бұл комедияның маған ұнайтыны – оның батылдығы, сөздердің өткірлігі және жалған пафостың болмауы,

– деп атап өтті Рача Махатаев.

Спектакльде гипохондрик ханзада туралы баяндалады. Емделудің жалғыз жолы – үш сикырлы апельсинді табу. Егер ханзада тапсырманы орындаса, ол өзінің ауруынан айығады. Спектакльге көркемдік беретін жарқын кейіпкерлер – жағымсыз маскалардағы персонаждар.

• ФЕСТИВАЛЬ

Ұлт өнері ұлықталды

Қазақтың кара домбырасы мен иір қобыз, әуеленген әні дәріптелген облыстық фестиваль мәресіне жетті. Бұл фестивальді басқадан бөлек етер өзіндік өзгешелігі бар. Қазақтың ұлттық өнерін өміріне серік қылған өзге ұлт өкілдері ғана ән шырқап, би билеген фестивальде этномәдени бірлестіктер ел мен жерге ерен құрметін көрсеткендейді.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Өнеріміз саған, Қазақстан!» аталған өнер досасы бір шаңырақ астында тату-тәтті тірлік кешен халқымыздың ымыра-бірлігін, бір-біріне деген риясыз пейілінің куәсіндей еді. Фестивальді ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ ұйымдастырды.



Ұлттың өнерді жан жүрегімен меңгерген этномәдени бірлестік өкілдері үш аталымда өнер жарыстырды. «Вокал» аталымында казак тіліндегі әндерді шырқаса, «Би» аталымында қазақтың мың бұралған ұлттық биін назарға ұсынды, «Ұлттық аспаптарда

шығарма орындау» аталған үшінші аталымда қазақтың халық музыкалық аспаптарында ойнады. Фестивальге аймақтың барлық қала, аудандарынан өкілдер келгенін атап өткен абзал.

Сонымен, фестивальдің жеңімпаздары болып, Юнус Мағомадов (Қарағанды облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени бірлестігі) ҚБ), «Кипшым» би ансамблі («Қарағанды облысы корей этномәдени бірлестігі» ҚБ), Карина Түсіпбекова (Бұқар жырау ауданы Новоузенка кентінің Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы білім беретін мектептің 7-сынып оқушысы) танылды.

Барша қатысушылар дипломдармен, сертификаттар және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Өз тілшімізден

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Сауағарқа Ақпарат» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӘБИДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Е. КЕҢЕСБЕКҰЛЫ

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalayk.kz@gmail.com; ortalayk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalayk.reklama@mail.ru

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВK2ХХ БИН 000840001412
Таралымы 4 197

№ 126 тапсырыс. Индекс 65484
Оффсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев ж., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Салтанат ШИЯШ**